




ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

AGROCREDIT
АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген



Есеп туралы

Осы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық есебінде (бұдан әрі – Есеп) 2020 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері қамтылады.

Есепте операциялық және қаржылық қызметтің негізгі қорытындылары, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру баяндалады, компанияның корпоративтік басқаруы туралы, оның ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарманың қызметі туралы ақпарат келтіріледі, тәуекелдерді басқару мәселелері, сондай-ақ әлеуметтік саясат аспектілері ашылады. Сонымен қатар, маркетинг және сапа менеджменті жүйесінің тақырыптары қамтылған.

Қаржылық деректер ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес есепте ұсынылған.

Осы Есеп тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (GRI) стандарттарына, компанияның ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ететін деректерді ашудың «негізгі» нұсқасына сәйкес дайындалды.

Біз жылдық есептілікті дамыту бойынша жұмысты жалғастыратын боламыз және барлық мүдделі тараптар біздің қызметіміз туралы қажетті және өзекті ақпарат алуы үшін GRI стандарттарын қолдануды кеңейтетін боламыз.

Жылдық есепті жасау барысында ҚР Статистика комитетінің, ҚР Ұлттық Банкінің материалдары пайдаланылды.

СОДЕРЖАНИЕ

Компанияның қысқаша бейіні

Компанияның қысқаша бейіні	8
Негізгі көрсеткіштер	9
Негізгі оқиғалар	10
Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	12
Басқарма төрағасының үндеуі	14
Даму стратегиясы	16
Компания туралы	18
Қызмет аумағы	18
Лицензиялар	19
Рейтингтер	19
Компанияның қысқаша тарихы	20
Бизнес-үлгі	24
Бәсекелестік артықшылықтары	26
Қызмет бағыттары	27

Менеджмент есебі

АӨК саласын талдау	30
PEST-талдау	40
SWOT-талдау	42
Стратегияны іске асыру	44
Операциялық қызмет нәтижелері	52
Қаржылық нәтижелер	59
Даму болашағы	63

Корпоративтік басқару

Корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау	64
Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл	66
Ұйымдық құрылым	69
Директорлар кеңесі	72
Директорлар кеңесінің құрамы	72
Тағайындау және іріктеу	75

Тәуекелдерді басқару

Директорлар кеңесінің комитеттері	79
Басқарма	80
Басқарма құрамы	80
Басқарма жұмысы	83
Директорлар кеңесі мен Басқарма сыйақысының негізгі қағидаттары	85
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	86
Іскерлік этика кодексі	87
Ішкі бақылау жүйесі	88
Ішкі аудит қызметі	90
Акционерлік капиталдың құрылымы	91
Дивидендтер	93

Тәуекелдерді басқару жүйесі	94
Тәуекелдерді талдау	96

Тұрақты даму

Тұрақты даму	100
Тұрақты даму саласындағы саясат	101
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы есеп	102
Экономикалық әсер	104
Компанияда сатып алуды ұйымдастыру	105
Маркетингтік және PR-қызмет	109
Демеушілік және қайырымдылық	111
Қоршаған ортаны қорғау	113
Глоссарий	115
Интервью работников Компании	116
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	130
Байланыс ақпараты	134

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙІНІ

Жалғыз акционер:
«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің еншілес компаниясы бола отыра, ауылда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыратын кредит берудің қолжетімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Компания өз жұмысын мынадай ақиқатқа сүйене отыра құрады: ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолжетімді қаржы ресурстарымен қамтамасыз етпей агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мүмкін емес.

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР, (млрд)

2018


3,0	КТС
10,4	Таза пайда
151,3	Меншікті капитал
158,6	Жарғылық капитал
372,3	Активтер
221,0	Міндеттемелер

2019

4,1	КТС
16,0	Таза пайда
168,8	Меншікті капитал
167,8	Жарғылық капитал
462,9	Активтер
294,1	Міндеттемелер

2020

4,4	КТС
19,7	Таза пайда
167,1	Меншікті капитал
167,8	Жарғылық капитал
547,2	Активтер
380,1	Міндеттемелер



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

КОМПАНИЯНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ФИЛИАЛЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Шымкенттің республикалық маңызы бар қала мәртебесін алуына байланысты «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі Түркістан облысы шаруаларының орналасқан жері мен аудандардың шалғайлығы бойынша клиенттерге қызмет көрсету аумағын бөле отырып, жеке филиал құру туралы шешім қабылдады. 2020 жылы жаңа филиал Компанияның 17 филиалы арасында 13,7 млрд теңге сомаға қаржыландыру ұсынып, екінші орынға ие болды.

КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да кадрлық өзгерістер орын алды. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы болып Директорлар кеңесінің шешімімен Құлтаев Бағлан Құлыбайұлы сайланды.

ЖАҢА СТРАТЕГИЯ

2020 жылғы 27 ақпанда 2020-2029 жылдарға арналған «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ даму стратегиясы бекітілді.

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ АГРАРЛЫҚ САЛА

2020 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ пандемияға байланысты төтенше жағдай жағдайында рекордтық 30 күн ішінде көктемгі егіс жұмыстарына бөлінген 70 миллиард теңгені игеріп, бүкіл ел бойынша 2405 аграршыны қаржыландырды.

ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пандемия кезінде жалпы сомасы 7,3 млрд теңгеге ТЖ режимінің енгізілуіне байланысты қиындық кешіп отырған қарыз алушыларға кредиттік төлемдерді кейінге қалдыру ұсынылды.

Компания елдегі төтенше жағдай кезінде жұмыс істейтін 100 медицина қызметкеріне қаржылық қолдау көрсетті.

РЕЙТИНГ «ТҰРАҚТЫ»

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (АНК) эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) шетелдік және ұлттық валютада «BB+» деңгейінен «BBB -» деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам – «тұрақты».

«ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ТОЛЫҚТАЙ ИГЕРІЛДІ

2019 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасы бастау алды. 2019-2020 жылдары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға 77,6 млрд теңге сомасына 1569 өтінім келіп түсті, оның ішінде 1476 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 71,4 млрд теңге сомасын құрайтын жеңілдікті кредиттер алды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті клиенттер мен серіктестер!

2020 жыл бүкіл экономика үшін қатаң сынақ болды және компания өзінің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде бейіндік бизнес-сегмент – аграрийлерге уақытылы қолдау көрсетуді қолға алды. Қазақстанда көктемгі егіс жұмыстары әлемдік пандемия белең алып, елде төтенше жағдай жарияланған кезде басталды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға жеңілдетілген қаражатты шаруаларға уақытында жеткізуді тапсырды. Елдің азық-түліксіз қауіпсіздігі мемлекет үшін басым міндетке айналды.

Ербол Тасжүреков

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
төрағасы



2020 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға көктемгі егіс және егін жинау науқанын қаржыландыруға 70 миллиард теңге көлемінде бюджеттік кредит бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 миллиард теңгеге артық. Кредиттер 5 пайыздан аспайтын мөлшерде берілді. Егер игеру мерзімі туралы айтатын болсақ, қарыздардың жедел берілгендігін атап өту қажет. Бюджет қаражаты 24 сәуірде толықтай игерілді. Ал өткен жылмен салыстырсақ, бағдарлама қаражаты тек 15 тамызға қарай игерілген болатын. Жалпы алғанда 2405 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші несие алды, бұл 3,4 миллион гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын егіс жұмыстарымен қамтуға мүмкіндік берді.

2019 жылдың соңында АӨК саласында Компания операторлық еткен «Қарапайым заттар экономикасы» бизнесті қолдау бағдарламасы бастау алды. Екі жыл ішінде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 71,4 млрд теңгеге 1476 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қаржыландырылды.

529,5
млрд тенге

Келесі жылы Корпорацияға 20 жыл толады. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қызметі барысында жетекші қаржы институттарының біріне айналды және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолжетімді кредит ресурстарын ұсына отырып, өз қызметінде елеулі табыстарға қол жеткізді.

составляет доля
АО «Аграрная кре-
дитная корпорация» в
кредитном портфеле
АО «НУХ «КазАгро»

Бүгінгі таңда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ несие қоржынындағы үлесі 529,5 млрд теңгені құрайды, бұл 75,5%-ға тең. Жыл сайын ауыл тұрғындарына агрокәсіпті бастауға немесе оны дамытуға қаражат алуға мүмкіндік беретін тиімді шарттары бар кредит өнімдерінің желісі кеңеюде. Осы жылдар ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ операциялық қызметін және кредит беру бағдарламаларын тұрақты жетілдіру бойынша жұмыс істеп, елеулі нәтижелерге қол жеткізді, бұл ел аграрийлері арасында бетке ұстар үлгіге айналды.

Директорлар кеңесінің атынан мен Компанияның басшылығы мен қызметкерлеріне 2020 жылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген адалдығы, қажырлы еңбегі мен кәсібилігі үшін алғыс айтқым келеді. Өз кезегінде, Директорлар кеңесі менеджмент, стратегиялық және қаржылық жоспарлау саласындағы терең білімі мен ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибесінің арқасында басқарудың тиімді құралдары арқылы Компанияның жалпы дамуына үлесін қосады. Директорлар Кеңесі құрамының жартысын тәуелсіз мүшелер құрайтынын атап өткен жөн, бұл Компания қызметінің құрылымын, үдерістерін және қызмет айқындылығын жетілдіру мақсатында объективті және салмақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексінде, Компания Жарғысында, сондай-ақ Директорлар кеңесінің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында белгіленген мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді толық көлемде орындады.

2020 жылғы қызмет қорытындылары қабылданған даму стратегиясына және жұмыстың белгіленген басымдықтарына сәйкес келеді. Компания алдағы уақытта да корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін ұстануға, сондай-ақ аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың сенімді жолсерігі болу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға ниетті.



Перед нами стоят амбициозные задачи для поддержания устойчивого развития Компании, как надежного финансового института.

Бағлан Құлтаев

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Басқарма төрағасы



Құрметті клиенттер мен серіктестер!

2020 жыл оңай болған жоқ, бірақ біз міндеттемелерді орындадық, даму және өсу жобаларында жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік, сондай-ақ, ең бастысы, осы қиын-қыстау уақытта әріптестер мен олардың отбасыларына қолдау көрсеттік.

Қызметкерлер мен қарыз алушылардың жақын байланыстарына байланысты орын ауыстыруға шектеулер, тәуекелдер бизнес-үдерістерге өз түзетулерін енгізді. Біздің фронт-кеңсемізге қаржыландыру өтінімдерін қарау тетіктерін қайта құруға тура келді. «Кең дала» бағдарламасы бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге АӨК субъектілеріне жедел кредит беру рәсімі бекітілді. Кепілдер мен қаржылық құжаттар бойынша ескертулер болмаған жағдайда өтінімдерді қарау мерзімі 2-4 күнге дейін қысқартылды. Ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша кредиттік өтінімдерді қарау мерзімін 30 күнтізбелік күннен 10 жұмыс күніне дейін қысқарту туралы шешім қабылданды.

2020 жылы Компания жалпы сомасы 277,3 млрд теңгеге 7817 АШТӨ, оның ішінде қаржы институттары арқылы 149,2 млрд теңгеге 6 152 АШТӨ қаржыландырды.

Бұл сандар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ауылдық жерде қаржылық инфрақұрылымның қолбасшысы екенін көрсетеді. Ауқымды филиалдық желі, бүкіл Қазақстан бойынша құрылған 212 кредиттік серіктестік, екінші деңгейдегі банктермен, лизингтік компаниялармен және микроқаржы ұйымдарымен ынтымақтастық түріндегі барлық қажетті құралдарға және қомақты капиталға ие бола отыра, Компания АӨК субъектілерін мүмкіндігінше көп қолжетімді қаржыландырумен қамту үшін барлық жағдайларды жасайды.

Орныққан кредит беру жүйесінің арқасында Компания шағын және орта бизнестің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнім желісін кеңейте алды. Кредит мал шаруашылығын жүргізу, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізу, ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу үшін беріледі, дайын өнім шығаратын ірі қайта өңдеу кәсіпорындары қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Біздің алдымызда Компанияны сенімді қаржы институты ретінде тұрақты дамуын қолдау жолында өршіл міндеттер тұр. Шығарылатын дайын өнімнің үлесін ұлғайту үшін қайта өңдеу кәсіпорындарын дамыту жөніндегі мемлекет саясаты аясындағы белсенді жұмыс жалғастырылатын болады. Мемлекеттің ауыл шаруашылығына жұмсайтын күш-жігерінің, Жалғыз акционер мен атқарушы органның үйлесімді жұмысының арқасында Компания бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатынына сенімдімін.

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Миссия

Компанияның миссиясы жеке қаржы институттарын тарту арқылы қаржыландырудың қолжетімді және тиімді жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Келешек көрінісі

2025 жылға қарай «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ – қаржыландырудың тұрақты және қолжетімді жүйесін дамыту жолымен агроөнеркәсіптік кешенді индустрияландыруға, қарқындатуға және әртараптандыруға ықпал ететін қызметтің тиімді үлгісіне ие АӨК дамытудың негізгі институты.

Компания АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының операторы ретінде бағдарламаларды АӨК субъектілерін мемлекеттік көздерден, капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарынан қаржыландыруды қамтамасыз ету жолымен іске асыратын болады. Даму институты ретінде Компания АӨК субъектілерін қаржыландыру жүйесіне және АӨК қосылған құн тізбегіне қосу үшін АӨК субъектілерінің экономикалық тиімділігін және олардың қаржылық сауаттылығын арттыруға қолдау көрсетуге баса назар аударатын болады. АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды арттыру үшін Компания консультациялық және қаржылық емес қолдаудың өзге де түрлерін көрсету жолымен қаржы институттарының институционалдық мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесетін болады.

Қызметтің стратегиялық бағыттары:

01

АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды ұлғайту, қаржы институттарының институционалдық жетілуіне және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу.

Қызметтің бірінші стратегиялық бағыты тікелей кредит беруді, кейіннен оны 2025 жылға қарай нөлдік деңгейге дейін қысқартуды және АӨК-ні қаржыландыру бөлігінде институционалдық дамуына қарай қаржы институттарын (кредиттік серіктестіктер, екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар және микроқаржы ұйымдары) қорландыру арқылы тікелей емес кредит беруді ұлғайтуды қамтиды.

02

Қызметтің тиімділігін арттыру.

Қызметтің екінші стратегиялық бағыты Компания қызметінің тиімді моделін қалыптастыруға, корпоративтік басқарудың ашықтығын және шешімдер қабылдау жылдамдығын арттыруға бағытталған, бұл Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компания өз қызметін келесі қағидаттарды басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады:

- 01** Ашықтық;
- 02** Қолжетімділік;
- 03** Уақытылылық;
- 04** Тиімділік;
- 05** Залалсыздық. Ағымдағы жағдайды талдау.




КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Аймақтық
желі

17

филиал және
бір өкілдік.



Лицензия

ҚР ҰБ Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің 2013 жылғы 5 қарашадағы №5.2.24 лицензиясы.

Рейтингтер

2020 жылғы 11 наурызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі Компанияның кредиттік рейтингтерін «Ba1» деңгейінде растады.

2020 жылғы 03 сәуірде Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін және рейтингін «AA+(kaz)» ұлттық шәкілі бойынша көтерді. Рейтингтер бойынша болжам - «Тұрақты».

Компанияның қысқаша тарихы

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы №137 қаулысына сәйкес құрылды.



Пилоттық жоба екі кезеңді көздеді.

Біріншісі – мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мамандандырылған институтын құру.

Екінші кезеңде өңірлік қаржы институттары – ауылдық кредиттік серіктестіктер (бұдан әрі – КС) желісін құру қарастырылды. Компанияның негізгі мақсаты – КС жүйесін құру, атап айтқанда олардың жарғылық капиталына 35%-дан аспайтын қатысу үлесімен кіру жолымен іске асыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) республикалық бюджет қаражатынан бөлінетін жеңілдікті кредит ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету болды. Пилоттық жоба сәтті іске асырылды, КС арқылы АШТӨ-ге кредит берудің бірегей жүйесі құрылды, ол КС жүйесінің қатысушылары – шағын және орта АШТӨ үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз етті. 2006 жылдан бастап Компанияның қызметі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі №66III ҚР Заңының қабылдануымен кеңейтілді.

Қазіргі уақытта Компания – ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша кредит беру бағдарламаларын іске асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы қызметті жүзеге асыратын ірі қаржы ұйымы. Аталған өндіріс ҚР Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы №42 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның аясында айқындалған.

2001

- Компанияның құрылуы. Негізгі мақсат - кредиттік серіктестіктер жүйесін құру, соның арқасында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің республикалық бюджет қаражатынан жеңілдікті кредит ресурстарына қолжетімділігі қамтамасыз етілді. 2001 жылы 0,1 млрд теңге сомасына 7 КС-ке кредит берілді, соңғы қарыз алушылар саны-172.

2002

- Алғашқы 18 КС құрылды, оған 833 қатысушы кірді. 2002 жылы 0,9 млрд теңге сомасына 14 КС-ке кредит берілді, соңғы қарыз алушылар саны - 344.

2005

- Қоғамның портфелі 9,2 млрд теңгеге дейін өсті.

2006

- Компания ауыл шаруашылығы өнімін бірлесіп өндіруді жүргізу, дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, ТМҚ жабдықтау бойынша АШТӨ мен ауыл халқының бірлестіктеріне кредит беру бағдарламасын қаржыландыруға кірісті. Бір жыл ішінде 147 ӘКК жалпы сомасы 12 250,1 млн теңгеге қаржыландырылды.

2009

- КС дербестігін арттыру мақсатында Компания КС құрылтайшыларының құрамынан шығатыны туралы жариялады.
- Компания ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды кредиттеу бағдарламасын іске асыруға кірісті. Нәтижесінде 23 490,9 млн теңге сомасына 52 инвестициялық жоба қаржыландырылды.

2010

- Компания ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыру бағдарламасын бастады.

2011

- Компания «Сыбаға» бағдарламасының операторы болып белгіленді, оның шарттары бойынша АӨК субъектілерін етті тұқымды төлді молықтыру үшін ІҚМ аналық басын және асыл тұқымды өндіруші бұқаларды сатып алуға кредиттеу жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері 4 мыңнан астам АШТӨ жалпы сомасы 50,6 млрд теңгеге қаржыландырылды, олар 272,3 мың бас ІҚМ сатып алуға арналған.

2014

- Жылқы және қой шаруашылығын дамыту бойынша Мастер-жоспарларды орындау аясында Компания «Құлан» және «Алтын Асық» кредиттеудің жаңа бағдарламаларын іске қосты.

2016

- Компания «Кең дала» көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына кредит беру бағдарламасының бірыңғай операторы мәртебесін алды.
- ИСО 9001:2008 МС нұсқасы бойынша СМЖ сәйкестік сертификаты алынды.
- Компанияның өнім желісі клиентке бағдарланған тәсілді ескере отырып бейімделді, сату арналары кеңейтілді. Ауылдық жерде Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту бағдарламасы аясында кредит берудің «Еңбек», екінші деңгейдегі банктердің автокредит беру кредиттік өнімдеріне ұқсас «Іскер» және «Агротехника» бағдарламалары әзірленді.

2017

- Компанияның 2017-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы әзірленді.
- Кредиттеу үдерістері оңтайландырылды: құжаттар тізбесі, кредиттік өтінімдерді қарау мерзімдері қысқартылды. Филиал желісін қаржыландыру лимиті 1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.
- 2017 жылғы 22 қыркүйекте Шымкентте «Кредиттік серіктестердің І-ші форумы» өтті. Форумды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «АӨК Кредиттік серіктестіктерінің қауымдастығы» ЗТБ және Компания ұйымдастырды.

2018

- 2018-2027 жылдарға арналған мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында компания «Сыбаға» кредиттеу бағдарламасының операторы болып белгіленді. Бір жыл ішінде 31 384 бас ІҚМ сатып алынды. Компанияның кредиттік өнімдерінің желісі ауылдағы бизнестің барлық бағыттарын қамти отырып, 7 позицияға жетті.
- Субсидия алу алгоритмі енгізілді.

2019

- 2019 жылы Компания ел тарихында алғаш рет екі кредиттік серіктестікке «ААА» рейтингін берді: «Целиноградское» КС және «Яссы» КС. «ААА» рейтингі түпкілікті қарыз алушыларды дербес қаржыландыру және кредит беруден кейінгі қызмет көрсету құқығын береді, ол тек кредит желісінің мөлшерімен ғана шектеледі, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесін 1%-ға төмендетеді, өтімділік коэффициентін жылжымайтын мүлік түрінде кепілмен қамтамасыз ету бойынша 0,1-ге арттырады.
- Қарағанды филиалының негізінде Агробизнесі қолдау орталығы ашылды. Қолжетімді кредит беруден басқа, Компания АӨК субъектілеріне және қаржы институттарына (кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер, лизингтік компаниялар) Компанияның қаржылық емес қолдау шаралары аясында ақпараттық, консультациялық және білім беру қолдауын көрсетеді.
- ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 459 қаулысымен Компания төмендегі салаларды дамытуды қаржыландыру бағыты бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының операторларының құрамына енгізілді: есімдік шаруашылығы, бау-бақша, мал шаруашылығы, оның ішінде құс және шошқа шаруашылығы, акваөсіру, балық аулау, уыт өндірісі.


БИЗНЕС-ҮЛГІ

Компания АӨК дамыту бағдарламаларының қаржы операторы болып табылады және оларды тікелей және қаржы институттары (КТ, МҚҰ, ЕДБ, ЛК, ӨИО) ұсынатын кредит беру бағдарламаларының көмегімен реттейді. МҚҰ және ЖК арқылы кредит беру 2016 жылдан бастап іске асырыла бастады және одан әрі дамытуды талап етеді. Сондай-ақ, Компания АӨК инвестициялық жобаларын іске асыруға қатысады.

Бюджет қаражатына тәуелділікті төмендету үшін Компания өзінің қорландыру көздерін әртараптандыратын болады. Капиталдың ішкі нарықтарында қаражат тарту негізінен корпоративтік облигациялар шығару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ Компания халықаралық қаржы институттарынан қаражат тартатын болады. Мақсатты бизнес-үлгіде Компания қызметінің екі негізгі бағыты айқындалған: қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары.

Бірінші бағыт кейіннен оны 2025 жылға қарай нөлдік деңгейге дейін жеткізе отырып, тікелей кредиттеуді және АӨК-ні қаржыландыру бөлігінде қаржы институттарының институционалдық дамуына қарай тікелей емес кредиттеуді қамтитын болады.

Сондай-ақ Компания агроөнеркәсіптік кешенге барынша әлеуметтік-экономикалық әсері бар инвестициялық жобаларды қаржыландыратын болады.



БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- 01** Соңғы қарыз алушы үшін төмен пайыздық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 10% - дан аспайды (бюджет қаражаты есебінен).
- 02** Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүлкін кепілге қабылдау кезіндегі жұмсақ шарттар.
- 03** Ауылдық жерлерде қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кредиттік серіктестіктердің қолданыстағы тармақталған желісінің болуы.
- 04** Кредиттік серіктестіктердің қатысушыларына олардың қызметін жүзеге асыру орны бойынша қызмет көрсетудегі ыңғайлылық.
- 05** Компания ұсынатын қаржылық қызметтерді оларды ауылдар мен кенттерге жеткізе отырып кеңейту.
- 06** Қарыз алушыларға сыйақы мен негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең беру.
- 07** Компания активтерінің серпінді өсуі.
- 08** Республиканың аграрлық секторында қалыптасқан клиенттік базаның болуы.
- 09** Банктік қызметтердің кең аясы.
- 10** Қызмет көрсетудің жоғары деңгейі.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін Компания мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

01

Тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру.

02

Кредиттеу жолымен ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

03

Отандық және шетелдік инвестицияларды тарту.

04

Агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

05

Лизингтік қызметті жүзеге асыру.

06

Қаржы институттарын қорландыру.

2020 ЖЫЛҒЫ ӨНІМ ЖЕЛІСІ



«АГРОТЕХНИКА» БАҒДАРЛАМАСЫ

АӨК субъектілеріне отандық өндірістің жаңа тіркемелі және аспалы топырақ өңдеу, жемшөп дайындау техникасын, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу және кептіру жабдықтарын, мал шаруашылығына арналған жабдықтарды сатып алуға кредит беру.



«АГРОБИЗНЕС» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға кредит беру және несие берешегін қайта қаржыландыру.



«АГРОЭКСПОРТ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Экспорттық әлеуеті бар жобаларды кредиттеу.



«АГРОКОММЕРЦИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне айналым қаражатын толықтыруға кредит беру.



«КЕҢ ДАЛА» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін және АӨК субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге кредиттеу.



«ІСКЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге кредит беру; ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнесті дамытуға кредит беру.



ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНАН АЛЫНҒАН ҚАРАЖАТ ЕСЕБІНЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРҒА КРЕДИТ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Негізгі құралдарды сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары алдындағы несие берешегін қайта қаржыландыруға арналған басым инвестициялық бағыттар бойынша қаржыландыру.



«СЫБАҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ

ІҚМ/ҰҚМ аналық мал басын сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын және/немесе аспалы/тіркемелі техниканы/жабдықтарды, тіркемелі/өздігінен жүретін жем үлестіргішті, ІҚМ арналған станокты сатып алуға, айналым қаражатын толықтыруға кредит беру.



«ЫРЫС» БАҒДАРЛАМАСЫ

Сүтті өнімділік бағытындағы асыл тұқымды аналық ІҚМ басын сатып алуға, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыруға және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға кредит беру.



«ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Өсімдік шаруашылығы, бау-бақша, мал шаруашылығы, оның ішінде құс және шошқа шаруашылығы, акваөсіру, балық аулау, уыт өндіру салаларын дамытуға кредит беру.

МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

АӨК саласын талдау

22,7
млн га

Посевная площадь всех сельскохозяйственных культур в 2020 году, что на 0,5 млн га больше уровня 2019 года.

Коронавирустық инфекцияның пандемиясы бүкіл әлемді дағдарысқа ұшыратты, адам өмірінің барлық салаларына әсер етті. Қазақстандағы дағдарыс ауыл шаруашылығы саласын да айналып өтпеді. Алайда, ел ішіндегі өңірлер арасындағы қозғалыстың шектелуіне, жабық шекаралар жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттау мен экспорттаудағы қиындықтарға, аграрлық техника мен жабдықтарды әкелудегі қиындықтарға қарамастан, қазақстандық фермерлер көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын уақытылы жүргізе алды, шикізат пен дайын өнім өндіру жөніндегі жаңа кәсіпорындарды іске қоса алды. Осылайша, республикада 2020 жылғы егіс науқаны барлық жерде төтенше жағдай режимі болған күрделі жағдайларда жүргізілді. Дегенмен, қазақстандық агрономдар оңтайлы мерзімде ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді ұйымдастырды. 2020 жылы ауыл еңбеккерлері алғашқы салмақта 20,8 млн тоннадан астам астық жинады. Бұл республиканың ішкі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ экспорттық әлеуетті ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауыл шаруашылығы министрлігі) көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шараларды қабылдады. Коронавирус пандемиясы кезеңінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қозғалу алгоритмі әзірленіп, жергілікті атқарушы органдарға жіберілді. Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ЖЖМ, минералды тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасына қосалқы бөлшектерді, мал мен азық-түлікті жеткізу кезінде блокбекеттерден өтуін жеңілдетті, бұл көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы орындауға мүмкіндік берді. Жоғарыда көрсетілген шаралардың арқасында 2020 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары 22,7 млн гектарды құрады, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 0,5 млн гектарға артық. Оның ішінде:



Дәнді және бұршақ дәнді дақылдар
15,9 млн га, оның ішінде бидай – 12,2 млн га;



Майлы дақылдар
2,9 млн га алаңға отырғызылды;



Мақта
125,7 мың га;



Қант қызылшасы
20,9 мың га;



Картоп
192,8 мың га



Көкөністер
162,7 мың га;



Бақша дақылдары
101,9 мың га;



Жем-шөп дақылдары
3,3 млн га.

Жалпы егіс алаңы 22,5 млн га дейін жеткізілді, сондай-ақ тиімділігі жоғары және жем-шөп дақылдары алқаптарының 238 мың га өсуі қамтамасыз етілді.

Аталған шаралардан басқа, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін республикалық бюджеттен 70 млрд теңге көлемінде кредит бөлінді, бұл әдеттегіден 10 млрд артық. Соңғы қарыз алушылар үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5%-дан аспады. Бұдан басқа, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қосымша 100 млрд теңге бөлінді. Субсидиялауды ескере отырып, сыйақының соңғы мөлшерлемесі қарыз алушылар үшін жылдық 6% мөлшерлемені құрады. Сондай-ақ, фермерлерге «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ желісіне сәйкес кредиттер мен лизинг бойынша кейінге қалдыру және қайта құрылымдау ұсынылды. Облыстардың өтінімдері бойынша нарықтық бағадан 15%-ға төмен бағамен шамамен 387 мың тонна дизель отыны бөлінді.

366

млрд тенге

Объем господдержки в прошлом году с учетом антикризисных мер, что на 13% больше уровня 2019 года.

2020 жылдың қорытындысы бойынша өсімдік шаруашылығы өндірісінің көлемін 7,8%-ға ұлғайту есебінен ауыл саласы барлық макрокөрсеткіштер бойынша сенімді өсім көрсетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 5,6%-ға артып, 6,3 трлн теңгені құрады. Мал шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі көрсетілген кезеңде 3%-ға артып, 2,6 трлн теңгені құрады. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар 2020 жылдың 12 айында 15%-ға ұлғайып, 573,2 млрд теңгені, азық-түлік өнімдерін өндіру объектілеріне инвестициялар 13,5%-ға ұлғайып, 104 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, ауыл саласының өсуіне: ағымдағы мемлекеттік аграрлық саясаттың индикаторларын жоспарлы түрде орындау, үйлесімді жұмыс және өткен жылдың көктемінде пандемиямен күрес кезеңінде дағдарысқа қарсы шұғыл шешімдерді уақтылы қабылдау ықпал етті. Өткен жылы дағдарысқа қарсы шараларды ескере отырып, мемлекеттік қолдау көлемі 366 млрд теңгеге дейін жеткізілді, бұл 2019 жылғы деңгейден 13%-ға артық. Бұл ретте субсидиялау барынша жеңілдетілді және толық автоматтандырылды, оның белгілі бір салаға баса назар аудармай, бірыңғай тәсілді көздейтін тетіктері қайта қаралды.

Қаржы құралдарын жетілдіру шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау нормативі 5%-дан 7%-ға дейін ұлғайтылды. Сыйақы мөлшерлемесінің 9%-ы енді көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге субсидияланады.

Қазақстандық малшылардың сүтті мал шаруашылығымен айналысуға деген қызығушылығын арттыру және сүтті мал басының үлесін арттыру үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі асыл тұқымды мал шару-

ашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізді.

Импорнтталған асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу үшін субсидиялау нормативтері бір басқа 225-тен 400 мың теңгеге дейін, отандық – бір басқа 150-ден 200 мың теңгеге дейін өсті. Сүт құнын арзандату үшін өндірілген өнімнің бір килограммы үшін субсидиялау нормативі енді 20-дан 45 теңгеге дейін түрленген. Бұған дейін фермерге бір килограмм сүт үшін 10-35 теңге көлемінде қолдау көрсетілетін. Сондай-ақ, техника мен жабдықтарды сатып алуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарына жұмсалған шығындардың 25%-ын өтеу енгізілді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік қуаты жылына 93 мың тонна сүтке дейінгі 16,2 мың бас ірі қара мал сиыры бар 48 өнеркәсіптік және отбасылық сүт-тауар фермасы пайдалануға берілді.

Мал шаруашылығын дамыту үшін мал сатып алуға кредит беру кезінде кепіл саясаты оңтайландырылды. Фермерлік шаруашылықтар мен бордақылау алаңдарын несиелендіруге өтінімдерді қарау мерзімдері қысқартылды. Субсидиялар кепілдің 15%-н жабады, ал қалған 85%-ын сатып алынған мал қамтамасыз етеді. Қойдың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізгені үшін нормативтер 2500 теңгеден 4000 теңгеге дейін, тауарлық-1500 теңгеден 2500 теңгеге дейін ұлғайтылды. Асыл тұқымды отандық (8 мыңнан 15 мың теңгеге дейін) және импортталған қой басын (бір бас үшін 150 мың теңгеге дейін) сатып алуға арналған нормативтер ұлғайтылды, сондай-ақ сүт өндіруге субсидия 10 теңгеге өсті.

86

договоров
страхования

профинансировано
в растениеводстве.

2020 жылы агросақтандырудың жаңа жүйесі жұмыс істей бастады, ол қазір бұрынғыға қарағанда ерікті болып табылады. Қазір мемлекет сақтандыру сыйлықақыларының 50% субсидиялайды. Өсімдік өсірушілер дақылдарды топырақтағы ылғал мен артық ылғалдан сақтандыра алады. Сақтандыруға дәнді (бидай, арпа, жүгері, сұлы) және майлы (күнбағыс, рапс, зығыр) дақылдар жатады.

Өсімдік шаруашылығында 86 сақтандыру шарты қаржыландырылды. Оларды субсидиялауға 99 млн теңге жұмсалды, яғни сақтандыру сый-

37,7

млрд тенге

Выделено на программу
субсидирования ставок
вознаграждения при
кредитовании субъек-
тов агропромышленно-
го комплекса, а также
лизинге на приобрете-
ние сельскохозяйствен-
ных животных, техники
и технологического
оборудования в 2020
году.

лықақыларының жалпы сомасының 50%-ы – 198 млн теңге мөлшерінде. 2020 жылы сақтандыру жағдайлары бойынша 518,2 млн теңге төленді.

2020 жылы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін кредиттеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасына 37,7 млрд теңге бөлінді, бұл салаға 343,1 млрд теңге кредит қаражатын тартуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту моделі бойынша қазіргі уақытта ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда, оның мақсаты АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Осы мемлекеттік бағдарламада көзделген шаралар елдің АӨК-сін одан әрі дамытуға, оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруға, жер, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, өткізу нарықтарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, экспортты дамытуға және басқаларға бағытталған. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мерзімінің аяқталуы 2021 жылға белгіленгенін ескере отырып, Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК дамыту жөніндегі жаңа ұлттық жобаны 2026 жылға дейін әзірлеуге кірісті. Жаңа ұлттық жобаны сапалы әзірлеу мақсатында ФАО-ның ауыл шаруашылығы саласындағы сарапшылары тартылды. Агроөнеркәсіптік кешенде ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу кезінде Қазақстан ауыл шаруашылығының қандай да бір кіші саласында жетекші орын алатын әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесін пайдаланады. Мысалы, өсімдік шаруашылығы саласында Канада, Украина және Ресей сияқты елдердің даму моделі қолданылады, өйткені олардың табиғи-климаттық жағдайлары ұқсас. Жеке дақылдарға келетін болсақ, мысалы, сояны алайық, оны өсіру үшін озық елдердің – АҚШ, Бразилия мен Аргентина елдерінің тәжірибесі қолданылады. Бұл елдердің тәжірибесі сиыр етін өндіру саласында қолданылады және табысты жұмыс істейді. Аргентина, қысқа мерзім ішінде АӨК инновациялық-технологиялық дамуында серпіліс жасаған аграрлық ғылымды дамыту және білім тарату саласында үлгі болып табылады.

Өсімдік шаруашылығын дамытудың басым бағыттарының бірі ірі инвестициялық жобалардың айналасында экожүйелерді қалыптастыру болып табылады. Бұл өңірлердің мамандануын және ресурстардың қолжетімділігін (жер учаскелері, шикізат қоры, климаттық жағдайлар) негізге ала отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жергілікті өндірушілеріне бүкіл өндіріс бойы мынадай бағыттар бойынша түпкілікті экспорттық өнімнің құнын қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді: астықты, тұқым майын, жемістерді өндіру және терең қайта өңдеу және қант өндіру. Шаруашылықтарды ірілендіру мақсатында тік кооперация қағидаты басым қолданылады, бұл өзінің материалдық-техникалық қорымен қамтамасыз етуді, тұрақты өткізуді көздейді. Мұндай шешім фермерлерге де, өңдеушілерге де пайдалы болады.

Республикада суармалы жерлердің көлемі есетін болады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың суармалы жерлерді кезең-кезеңімен 3 млн гектарға дейін ұлғайту туралы тапсырмасы бойынша 2030 жылға қарай облыс әкімдіктері бұл мәнді 787 мың га шегіне жеткізуді жоспарлап отыр, оның ішінде:

Ақмола облысы — **112 мың га,**

Алматы облысы — **83,5 мың га,**

Ақтөбе облысы — **56,4 мың га,**

Шығыс Қазақстан облысы — **202,2 мың га,**

Батыс Қазақстан облысы — **6,5 мың га,**

Қостанай облысы — **16,9 мың га,**


Қарағанды облысы — **74,1 мың га,**

Қызылорда облысында — **51,3 мың га,**

Павлодар облысы — **94,5 мың га,**

Солтүстік Қазақстан облысы — **4,9 мың га,**

Түркістан облысы — **85,5 мың га.**



2,2

млн га

Орошаемых земель в 2020 году (по данным Минсельхоза РК)

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, 2020 жылы республикада 2,251,1 млн га суармалы жер бар, оның 1,715 млн га – егістік, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 26,6 мың га артық. Су ресурстарын басқару жөніндегі 2030 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламаның әзірленген жобасында суармалы жерлерді ұлғайту, оның ішінде гидромелиорациялық жүйелер мен 38 жаңа су қоймаларын салу бойынша индикаторлар көзделген. Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде суармалы жерлердің алаңдарын кеңейту мақсатында ауданы 610 мың га сұранысқа ие суармалы жерлердің гидромелиорациялық инфрақұрылымын қалпына келтіру көзделген. 2016 жылы су шаруашылығы инфрақұрылымы жүргізілген суармалы жерлердің алаңы 1400 мың га құрады. 2017-2019 жылдары су беру үшін су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіруді ескере отырып, 2020 жылдың басында су шаруашылығы инфрақұрылымы жұмыс істейтін суармалы жерлердің ауданы 1546 мың га құрайды.

Импортты алмастыру

Коронавирустық пандемиядан туындаған әлемдік экономикалық жағдай әлемнің көптеген мемлекеттері үшін азық-түлік қауіпсіздігінде елеулі мәселелер туғызды, елдің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығының рөлі арта түсті. Осыған байланысты көптеген мемлекеттер үшін импортты алмастыру мәселесі басым болды. Қазақстанда осы бағыттағы белгілі бір міндеттерді шешу үшін кешенді шаралар қабылданды.

Мысалы, 2020 жылы жалпы қуаты 93,1 мың тонна сүтті құрайтын 48 сүт-тауар фермасы іске қосылды, жылына жалпы қуаты 63 мың тонна алма өсіретін 1800 га бақша отырғызылды, жалпы қуаты 33 мың тонна ет өнімдерін шығаратын 3 ет комбинаты, жалпы қуаты 95 мың тонна құс етін өндіретін 8 құс фабрикасы, жалпы қуаты 2,2 мың тонна балық өндіретін 3 нысан өз жұмысын бастады.

Өңірлердің деректері бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада жалпы көлемі 2,4 млн тонна түрлі азық-түлік тауарларының қоры бар, оның ішінде: өндіруші кәсіпорындарда – 1,6 млн тонна, қоймаларда – 547 мың тонна, сауда желілерінде – 177,6 мың тонна, тұрақтандыру қорларында – 35,9 мың тонна. Сонымен қатар, қорларға 363,7 млн дана жұмыртқа және 11 млн тонна азық-түлік бидайы кіреді. Нақты тұтынуға сүйене отырып, өнімнің әртүрлі түрлері бойынша азық-түлік тауарларының қолда бар қорларымен қамтамасыз ету бір аптадан бірнеше айға дейінгі мерзімді құрайды. Қорлардың көлемі үнемі толықтырылып отырады, сондықтан ауыл шаруашылығы өніміне тапшылық жоқ. Отандық өндіріс Қазақстан халқының азық-түлікпен қамтамасыз етілу жөніндегі қажеттілігін орта есеппен 80%-ға жабады. Оның ішіне кірмейтін азық-түлік тауарларының 6 түрі бар, олар: құс еті, шұжық, ірімшік және сүзбе, алма, қант, балық. Осы тауарлар бойынша импортқа тәуелділікті шешу үшін ішкі нарықты отандық өніммен молықтыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды, оған сәйкес көрсетілген тауарлар бойынша қамтамасыз етілу шамамен 100%-ды, ал қант бойынша – 2023 жылдың соңына дейін 80%-ды құрайды.

Сүт өнімдерінің импортын алмастыруға бағытталған сүтті мал шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы аясында 2020 жылғы

кезеңде сүт өндіру көлемі (алдын ала деректер бойынша) өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,2%-ға ұлғайды және 6,0 млн тоннаны құрады. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында өндіріс көлемінің өсуі 7,3% немесе 1,7 млн тоннаны құрады. Тірі салмақта құс етін өндіру көлемі 2020 жылдың қорытындысы бойынша (алдын ала деректер бойынша) өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5,1%-ға ұлғайды және 294,1 мың тоннаны құрады. Осыған қарамастан, елдегі құс етінің импорты айтарлықтай.

2023 жылдың соңына қарай ішкі нарық қуаты 285 мың тонна құс етін өндіретін жаңа 19 құс фабрикасын іске қосу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған құс фабрикаларын 20%-ға қосымша жүктеу есебінен 100%-ға қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда. Мұндай шаралар құс етін өндірудің жылдық көлемін 400 мың тоннаға дейін немесе өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өндірістік қуаты жылына 94,5 мың тонна құс етін өндіретін 8 ет бағытындағы құс фабрикасы пайдалануға берілді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жалпы саны 16,2 мың бас сиыр ірі қара малы бар және өндірістік қуаты жылына 93,1 мың тоннаға дейінгі 48 өнеркәсіптік және отбасылық СТФ пайдалануға берілді. Оның ішінде жалпы саны 12,5 мың бас ірі қара мал сиыры бар және өндірістік қуаты жылына 87,8 мың тоннаға дейінгі 17 өнеркәсіптік СТФ пайдалануға берілді.


2020 жылдың қорытындысы бойынша 2 250 тонна балық шаруашылығын дамыту бойынша 3 жоба іске асырылды:

- 01 Ақтөбе облысында «Мұрагер» ЖШС - қуаты 1500 тонна тауарлық өнім.
- 02 Жамбыл облысында «Қордайfish» ЖШС - қуаты 500 тонна тауарлық балық.
- 03 Жамбыл облысында «Арнұр» ЖШС - қуаты 250 тонна тауарлық балық.

2022 жылға дейін жалпы қуаттылығы 9,4 мың тонна болатын тағы 4 кәсіпорынды іске қосу жоспарлануда.

Импорт және экспорт

Жаңа өткізу нарықтарын ашу үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі импорттаушы елдердің фитосанитариялық және ветеринариялық талаптарын келісу, жеткізушілердің шет елдердегі тізілімдеріндегі қазақстандық кәсіпорындардың тізбесін кеңейту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.




ЭКСПОРТ

Сиыр еті — **7254,2 т**,
 Жылқы еті — **4,06 т**,
 Қой еті — **1303,8 т**,
 Шошқа еті — **1275,8 т**,
 Түйе еті — **0,003 т**,
 Құс еті — **11073,8 т**,
 Ет жартылай фабрикаттары — **923 т**,
 Ет консервілері — **1119,06 т**,
 Шұжық өнімдері — **314,7 т**,
 Балық және балық өнімдері — **25031 т**,
 Сүт және сүт өнімдері — **20937,2 т**,
 Ара шаруашылығы өнімі — **824,5 т**,
 Тағамдық жұмыртқа — **228 452 437 шт.**

Жылқы еті — **1963,6 т**,
 Сиыр еті — **10918,6 т**,
 Шошқа еті — **732,7 т**,
 Қой еті — **10 т**,
 Құс еті — **108438,9 т**,
 Балық және балық өнімдері — **26497,1 т**,
 Сүт және сүт өнімдері — **56986,08 т**,
 Ет өнімдері — **1102,8 т**,
 Шұжық өнімдері — **14952,7 т**,
 Бал — **24,5 т**.

ИМПОРТ



Жаңа өткізу нарықтарын ашу үшін ҚР АШМ импорттаушы елдердің ветеринариялық талаптарын келісу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді. ҚХР бірнеше жыл бұрын енгізген аусыл және нодулярлық дерматит бойынша шектеулер алынып тасталды, бұл өз кезегінде қазақстандық ет өнімдерінің ҚХР нарығына қолжетімділігін ашты. Қазақстаннан Иранға союға тірі ІҚМ, сиыр етін, ҰҚМ субөнімдерін экспорттауға қойылатын ветеринариялық талаптар келісілді. 2020 жылғы 25 мамырда Қазақстаннан Жапонияға жылқы етін экспорттауға ветеринариялық сертификат келісілді. 34 қазақстандық кәсіпорыннан жылқы етінің экспорты мақұлданды. ҚР министрлігі 2021 жылы тауар желісін кеңейтуді, сондай-ақ Еуропалық Одақ, Түркия, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері сияқты жаңа нарықтарды ашуды жалғастыруды жоспарлап отыр.

Мал шаруашылығы

2020 жылы тұқымдық түрлендіруге ірі қара малдың 1 423,6 мың аналық басы немесе сиырдың жалпы басының 37,76% (3 769,76 мың бас) тартылды. Бүгінгі күні республикада шетелдік селекцияның асыл тұқымды ІҚМ басын әкелу есебінен асыл тұқымды мал басының үлесі айтарлықтай ұлғайып, жалпы ІҚМ басының 12%-ын құрады. Сонымен қатар, өнімнің ет бағытындағы тұқымдық бұқаларды пайдалана отырып, ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс бағдарламасына қатысушы шаруашылықтар санының өсуі байқалады. Мәселен, 2020 жылы 25,3 мың фермерлік шаруашылық тұқымдық түрлендірумен айналысты, ал 2016 жылы ІҚМ түрлендірумен айналысатын шаруашылықтардың саны 15,8 мың бірлікті құрады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша мал шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2 624,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 3,0%-ға артық. Статистика көрсетіп отырғандай, 2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда республикада шаруашылықтардың барлық санаттарында ірі қара мал саны 5,5%-ға артып, 7 848,5 мың басты құрады. Соңғы 10 жылда ірі қара мал басының өсу қарқыны 35,5%-ды құрады. Орта есеппен мал басының жыл сайынғы өсуі 3,3%-ға ұлғайды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары аясында жануарлардың барлық түрлеріне: ет және ет-сүт өнімділік бағытындағы ІҚМ, қой, жылқы және түйе жеміне арналған шығындардың құнын субсидиялау жүзеге асырылады. Аталған қадамдар мал шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілерді ынталандыру мақсатында жасалды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ: 15 556 бас ІҚМ сатып алуға 10 132 млн теңге сомасына 91 шаруашылықты қаржыландырды, оның ішінде 123 шаруашылық 9 415 млн теңге сомасына 14 279 бас ІҚМ әкелді; 285 679 бас ҰҚМ сатып алуға 11 828 млн теңге сомасына 722 шаруашылықты қаржыландырды. 2020 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 3 270 млн теңге сомасына 5 бордақылау алаңының құрылысын қаржыландырды.


2 624,3

млрд тенге

Составило объем валовой продукции животноводства по итогам 2020 года.

Статистика деректері бойынша 2020 жылдың 12 айында республикада ұйымдастырылған шаруашылықтарда (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтары/фермерлік шаруашылықтар) мал саны едәуір артты. Өсу қарқыны мынадай:

- 01** Ірі қара мал 8,2%-ға өсіп, 3 616,2 мың басты құрады;
- 02** Қой 9,1% - ға өсіп, 8 470,8 мың басты құрады;
- 03** Жылқы 12,4%-ға артты және 1 688,3 мың басты құрады;
- 04** Түйе 9,3%-ға өсіп, 112,1 мың басты құрады;
- 05** Шошқа 3,4%-ға артып, 330,5 мың басты құрады.



Елімізде мал сою және бастапқы өңдеу бойынша заманауи жоғары технологиялық кәсіпорындар құрылуда. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ет өңдеушілер үшін мынадай мемлекеттік қолдау түрлері көрсетіледі:

- 01** Жұмыс істеп тұрған зауыттарды жаңғыртуға және жаңа зауыттарды салуға инвестициялық салымдар кезінде қайта өңдеу кәсіпорындары шығындарының бір бөлігін (25%-ға дейін) өтеу;
- 02** Айналымдағы және негізгі құралдарға арналған кредиттер бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау;
- 03** Есептелген ҚҚС мөлшерінде дайындаушы ұйымдарға қосылған құн салығының сомасын субсидиялау;
- 04** «Қарапайым заттар экономикасы» аясында, оның ішінде ет және құс етін өндірушілерге жеңілдікпен кредит беруді жүзеге асыру.

Бұдан басқа, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ холдингінің еншілес компаниялары арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдікті кредиттер беріледі. Кредиттің максималды сомасы – 70 млн теңгеге дейін, кредиттеу мөлшерлемесі — 4%-дан бастап, кредиттеу мерзімі — 15 жылға дейін. Қой шаруашылығы бойынша:

- 1.** Аналық ҰҚМ басын сатып алуға;
- 2.** Айналым қаражатын толықтыруға;
- 3.** Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға.

Кредиттің максималды сомасы — 30 млн теңгеге дейін, кредиттеу мөлшерлемесі — жылдық 6%-дан бастап, кредиттеу мерзімі — 10 жылға дейін.

PEST-ТАЛДАУ

Факторлардың көрінісі	Әсері +/-
Саяси және реттеуші факторлар	
АӨК мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейі	+ Ауылдық жерлерде және қалада АӨК дамытудың, шағын кредит беруді кеңейтудің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру
2021 жылға қарай ҚР банк заңнамасын қатаңдату және банктердің Базель III-ке көшуі	+ Дағдарыс жағдайында қаржылық шығындардан тәуекелдерді азайту + Банктердің неғұрлым тұрақты қаржыландыру көздерін іздеуі + ҚРҰБ нормативтік талаптарын орындау үшін банктерді біріктіру
ҚР Үкіметі мен Ислам Даму Банкі (ИДБ) Тобы арасында ҚР индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өзара іс-қимылды нығайту және исламдық қаржыландыру саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде келісім жасасу	+ Қосымша қорландырудың қолжетімділігі + Исламдық қаржыландыруды дамыту
«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ қаржы агенті мәртебесін беру	+ Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпей тартылуы мүмкін
Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу	АӨК саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары мен басымдықтарының өзгеруі
Экономикалық факторлар	
ДСҰ, ЕАЭО, КО, ШЫҰ мүшелігі	+ Сыртқы сауданы дамыту арқылы АӨК қарқынды дамыту әлеуеті - Шетелдік ауыл шаруашылығы өндірушілері тарапынан бәсекелестіктің күшеюі - Аграрлық саясатты мемлекеттік қолдау шараларын қолдану бойынша шектеулердің күшеюі

Шетел валютасы бағамының теңгеге қатысты құбылмалылығы	- Қаржы институттарында ұлттық валюта өтімділігінің төмендеуі - Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құралдары құнының артуы - Импортталатын ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының құнына әсері
ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесін өзгерту	- Қаржы институттарының кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерге әсер етуі
Әлеуметтік факторлар	
Халықтың өсуі, халықтың өмір сүру деңгейі және урбандалу	+ Ауыл шаруашылығы өнімін ұлғайтуға қажеттілік - Еңбекке қабілетті халықтың ауылдық жерлерден кетуі
Ауыл халқының қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі	- Қаржылық есептіліктің болмауы немесе сапасының төмендігі - Ауыл халқының қаржы институттарына сенімінің салыстырмалы түрде төмен деңгейі
Ауылдық жерлерде АӨК субъектілері кірістерінің және кепілдік қорының төмен деңгейі	- АӨК субъектілерінің төлем қабілеттілігінің төмендігі - Қаржыландыру көздеріне қолжетімділіктің төмендігі
Технологиялық факторлар	
Ауылдық жерлерге интернеттің және мобильді технологиялардың енуін арттыру	+ Электрондық және онлайн қызметтерді дамыту қажеттілігі
АӨК негізгі қорларын жаңартуға қажеттілікті ұлғайту	+ Кредиттік өнімдер мен лизингке қажеттіліктің артуы
«Жасыл» технологияларды дамыту	+ Жасыл» технологияларды несиелендіру қажеттілігі + Энергия тиімділігін арттыру

SWOT-ТАЛДАУ

S – Күшті жақтары	W – Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> - ҚР Ауыл шаруашылығы секторына мемлекеттік қолдаудың болуы - Қаржы агенттігі мәртебесінің болуы - Кредиттеудің жеңілдікті шарттары және төмен пайыздық мөлшерлеменен бюджеттік кредит ресурстарына қолжетімділік - Компания филиалдарының ауқымды өңірлік желісінің болуы - КС желісі бойынша қаражатты орналастырудың жолға қойылған желісі - АӨК саласындағы АШТӨ-ні және қаржы институттарын қаржыландыру бойынша сараптаманың жинақталған тәжірибесі - Мерзімі өткен кредиттердің төмен деңгейі (NPL 6%-дан артық емес) - Қызметкерлердің кәсіби штаты 	<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның пайыздық мөлшерлемесі шамасының бюджеттік қорландыруға едәуір тәуелділігі - Қорландыру көздерін әлсіз әртараптандыру - Қаржы институттары мен АӨК субъектілері үшін қаржылық емес қызметтердің дамымауы - Салалық тәуекелдерді хеджирлеудің қолданыстағы құралдарының болмауы - Инвестициялық жобаларды бағалау үшін әдістемелік қордың жеткіліксіздігі
O – Мүмкіндіктер	T – Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - АӨК субъектілерін кейіннен кредиттеу үшін ЕДБ, МҚҰ, ӨИО, ЛК қаржыландыру жүйесін дамыту - АӨК субъектілерін қаржыландыру құралдарын кеңейту - Қорландыруды тарту көздері мен тетіктерін әртараптандыру - КС институционалдық жетілуіне және дербестігін дамытуға белсенді жәрдемдесу - Компанияның «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ ЕҰ синергиясына қол жеткізуі - Зәкірлік инвестициялық жобаларды ортақ қаржыландыру және сүйемелдеу 	<ul style="list-style-type: none"> - Қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар мен эпидемиялар - Мемлекеттің ауыл шаруашылығы секторын қорландыру үлесін азайту - Компания рейтингісінің төмендеуі - Халықаралық қаржы нарығындағы мәселелердің салдарынан тартылатын қорландыру бойынша пайыздық мөлшерлемелерді арттыру, инфляциялық жүктеме мен валюталық тәуекелдердің ұлғаюы - АӨК субъектілері төлем қабілеттілігінің төмендеуі - АӨК-ні қаржыландыруға және компаниямен ынтымақтастықты дамытуға қаржы институттары мүдделілігінің төмендеуі

БӘСЕКЕЛЕСТЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Атауы	Қызмет түрлері	Негізгі бәсекелестік артықшылықтары
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	01 Кредиттік серіктестіктерді кредиттеу.	01 Соңғы қарыз алушы үшін сыйақының төмен пайыздық мөлшерлемесі жылдық 10%-дан аспайды (бюджет қаражаты есебінен).
	02 Ауылдық тұтыну кооперативтеріне кредит беру.	02 Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушелерінен мүлікті кепілге қабылдау кезінде жұмсақ шарттар.
	03 Ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кредит беру.	03 Ауылдық жерлерде қаржылық қызмет көрсету бойынша қолданыстағы КС тармақталған желісінің болуы.
	04 Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және азық-түлік өнімдерін өндіру кәсіпорындарына кредит беру.	04 КС қатысушыларына олардың қызметін жүзеге асыру орны бойынша қызмет көрсетудегі ыңғайлылық.
	05 Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мал шаруашылығын дамытуға кредит беру («Сыбаға»).	05 Компания ұсынатын қаржылық қызметтерді ауылдар мен кенттерге дейін жеткізе отырып кеңейту.
	06 Инвестициялық жобаларға кредит беру.	06 ӘКК-ге олардың кірістілігін ұлғайту мақсатында өндірілетін өнімді өткізудегі олардың мүдделерін қорғау мәселесін шешу бойынша жеңілдікпен кредит беру үшін жағдайлар жасау.
	07 АӨК субъектілерін қолдау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге кредит беру (көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін).	07 Қарыз алушыларға сыйақыны және негізгі борышты өтеу бойынша жеңілдікті кезең беру.
	08 Ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларды коммерциялық кредиттеу.	08 Компания активтерінің серпінді өсуі.
ЕДБ	01 Банктік қызмет көрсету	09 Республиканың аграрлық секторында қалыптасқан клиенттік қордың болуы.
	02 Қызмет көрсету сервिसінің жоғары деңгейі.	01 Банктік қызметтердің кең аясы;
		02 Қызмет көрсету сервिसінің жоғары деңгейі.

СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясына нақты мақсаттары бар 2 стратегиялық даму бағыты, 14 міндет және 14 қызметтің түйінді көрсеткіштері кіреді.

1-стратегиялық бағыт

АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды ұлғайту, қаржы институттарының институттық жетілуіне және ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуіне жәрдемдесу.

Негізгі көрсеткіштер 1-стратегиялық бағыт	Өлшем бірлігі	2020 жылғы орындалу		
		Жоспары	Факт	Орындалуы, %
Корпорацияның қаржыландыру бағдарламалары аясында АӨК-ге кредит беру көлемі, млрд теңге	млрд теңге	266,7	277,3	104%
Ауыл шаруашылығында және тамақ өнімдерін өндіруде негізгі құралдарды сатып алуға кредит беру көлемі, оның ішінде:	млрд теңге	124,1	155,3	125%
- ауыл шаруашылығында негізгі құралдарды сатып алуға кредит беру көлемі	млрд теңге	115,3	146,1	127%
- тамақ өнімдерін өндіру үшін негізгі құралдарды сатып алуға кредит беру көлемі	млрд теңге	8,8	9,2	104%
Компанияның қаржыландыру бағдарламалары бойынша қызметтерді пайдаланушылар санының өсуі, %	%	3%	2,9%	95,2%
Корпорацияның кредит беруінің жалпы көлеміндегі қаржы институттарын қорландыру үлесі, кемінде, %	%	52,0	54,0	103%
Қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі	мың теңге	3400	3593	106%
Компания қаржыландырған жобалар бойынша өнім экспортының көлемі	млн АҚШ долл.	24,5	25,2	103%
КС портфелі бойынша NPL	%	3,3	2,7	норма шегінде

1-міндет

КС, МҚҰ, ӨИО, ЕДБ, ЛК арқылы Компанияның бағдарламалары бойынша және қаржы институттарының қаражаты есебінен қаржыландыру алған АӨК субъектілерінің үлесін ұлғайту.

2020 жылы жалпы сомасы 277,3 млрд теңгеге 7817 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) қаржыландырылды, оның ішінде қаржы институттары арқылы 149,2 млрд теңге сомасына 6 152 АШТӨ қаржыландырылды, оның ішінде:

- 01 КС арқылы – 4924 АШТӨ 110,0 млрд теңге сомасына;
- 02 2. ЕДБ – 31,0 млрд теңге сомасына 128 қарыз алушы;
- 03 3. МҚҰ (оның ішінде ӨИО) – 3,5 млрд теңгеге 1073 АШТӨ;
- 04 4. ЛК – 4,5 млрд теңгеге 27 АШТӨ.

2-міндет

АӨК субъектілерін қаржыландыру құралдарын кеңейту және дамыту

2019 жылы компания агроөнеркәсіптік кешендегі өндірісті қаржыландыру бағыты бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы операторларының бірі болып айқындалды. Бағдарлама шеңберінде өсімдік шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы, мал шаруашылығы, оның ішінде құс шаруашылығы және шошқа шаруашылығы, балық аулау, балық шаруашылығы және басқа да салаларды дамытуға қарыздар қаржыландырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 48 486,1 млн теңге сомасына 933 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылды.

Бұдан басқа, 2020 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға Компания Ұлттық банк қаражаты есебінен 24 998,3 млн теңге сомаға 591 АШТӨ қосымша қаржыландырды.

3-міндет

Финансирование якорных проектов, предусматривающих внедрение передовых инновационных технологий


2020 жылы компания 50 зәкірлі жобаны қаржыландырды.

4-міндет

Инвестициялық жобаларды ортақ қаржыландыру және сүйемелдеу

2020 жылы жалпы сомасы 1,8 млрд теңгені құрайтын 3 инвестициялық жобаны кейіннен қаржыландыру үшін 2 екінші деңгейдегі банкті (бұдан әрі – ЕДБ) қаржыландыру мақұлданды. Жобалардың жалпы құны 5,6 млрд теңгені құрайды (1-диаграмма).

Бұл ретте Компанияның қаржыландыру үлесі 33%-ды немесе 1,8 млрд теңгені құрады, ЕДБ түпкілікті қарыз алушыларының өз қаражатын салу үлесі 67%-ды немесе 3,8 млрд теңгені құрады.



5-міндет

Повышение институциональной зрелости кредитных товариществ.

2020 жылы кредиттік серіктестіктердің (бұдан әрі – КС) қатысушыларына қаржы қызметтерін ұсынуда қамтудың және КС несие қоржынының сапасын жақсартудың оң серпіні байқалады:

- 01** КС қаржыландыру көлемінің 13%-ға өсуі (97-ден 110 млрд теңгеге дейін);
- 02** КС несие қоржынының 2,4%-ға өсуі (172,2-ден 213,8 млрд теңгеге дейін);
- 03** Компания алдында міндеттемелері бар соңғы қарыз алушылар санын 8,3%-ға ұлғайды (14 461-ден 15 696-ға дейін).

Компания кредиттік серіктестіктер жүйесін дамытуға және КС қаржылық тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін КС ішкі рейтинг жүйесін өзектендірді және қолданысқа енгізді. Бұдан басқа, ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілді, онда тексеру кезіндегі негізгі бағыт кредиттік ресурстардың мақсатты пайдаланылуын тексеру және Компанияның уәкілетті органының шешімдерін орындау болып табылады.

Компания ҚР мемлекеттік бағдарламаларының операторы болып табылатындықтан және мемлекеттік органдарға, оның ішінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне есеп беретіндіктен, нысаналы пайдалануды бақылау үшін, «Кең дала» бағдарламасын қоспағанда, қарыз бойынша 1000 АЕК-тен аспайтын кредиттік ресурстардың нысаналы пайдаланылуын растау кезінде қолма-қол есеп айырысудың барынша мүмкін болатын сомасы бойынша шектеу енгізілді.

2-стратегиялық бағыт.

Қызмет тиімділігін арттыру.
Операциялық қызметті жетілдіру.
Корпоративтік басқарудың сапасы мен ашықтығын арттыру.
Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Негізгі көрсеткіштер 2-стратегиялық бағыт	Өлшем бірлігі	2020 жылғы орындалу		
		Жоспары	Факт	Орындалуы, %
ROA	показатель	≥ 2,8	3,89	норма шегінде
ROE	показатель	≥ 9,0	11,71	норма шегінде
Бюджет қаражаты көлемінің бюджеттен тыс тартылған қаражатқа арақатынасы	соотношение в год	1 : 0,6	1 : 0,65	норма шегінде
NPL	%	6,0	5,4	норма шегінде
Несие портфелі бойынша қалыптастырылған резервтердің оңтайлы деңгейін мынадан аспайтын деңгейде ұстау	%	12,5	12,1	норма шегінде
Кредиттеудің негізгі процестерін автоматтандыру деңгейі	%	40	40	100
Компанияның корпоративтік басқару рейтингі, кемінде	%	-	-	-

1-міндет

Табыстылықтың оңтайлы деңгейін ұстап тұру

Компанияның 2020 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес:

- ROA - 3,89 %,
- ROE - 11,71 %.

Өтімділікті жоғалту тәуекелдерін азайту мақсатында, сондай-ақ банк секторының ағымдағы жағдайын ескере отырып, Компания ақша қаражатына қатысты сақталуын қамтамасыз ету ниетімен уақытша-бос ақша қаражатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу жолымен мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруды жүзеге асырады. Инвестициялардың осы түрінің негізгі артықшылығы тәуекелдің нөлдік деңгейі болып табылады, өйткені ҚР тәуелсіз мемлекеттік рейтингі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне таралады.

Кірістіліктің оңтайлы деңгейін қолдау шеңберінде уақытша бос қаражат ЕДБ-дегі ағымдағы шоттарда, сондай-ақ мерзімді банк салымдарында (Overnight) орналастырылады. Ағымдағы шоттар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2020 жылы жылдық 7,48%-ды құрады.

Сондай-ақ, Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу жолымен мемлекеттік бағалы қағаздарға қаражат орналастыру бойынша іс-шаралар жүргізді. Қысқа мерзімді ноталар бойынша кірістіліктің орташа алынған мөлшерлемесі 2020 жылы жылдық 9,50%-ды құрады.

2-міндет

Капиталдың ішкі және халықаралық нарықтарынан қаражат тарту

Кредиттеу бойынша жоспарларды орындау мақсатында 2020 жыл ішінде Компания жалпы көлемі 192,6 млрд теңге қарыз капиталын, оның ішінде мыналардың есебінен тартуды жүзеге асырды:

- 01** 70 млрд теңге соманы құрайтын көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына кейінгі кредит беру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен қарыз бойынша Республикалық бюджет қаражаты;
- 02** 19,2 млрд теңге сомасына инвестициялық жобаларды кейіннен қаржыландыру үшін «Қаз Агро» холдингі» АҚ-ның қарызы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты;
- 03** 12,9 млрд теңге соманы құрайтын Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында жергілікті атқарушы органдардың қаражаты;
- 04** 14,3 млрд теңге соманы құрайтын АӨК субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-дан қарыз бойынша республикалық бюджет қаражаты;
- 05** 76,2 млрд теңге сомасындағы коммерциялық қаражат (ҚЗЭ бағдарламасы бойынша ҚР ҰБ 66,7 млрд теңге және ҚР ҰБ Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысымен бекітілген Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бойынша 9 млрд теңге, сондай-ақ қор нарығынан 0,5 млрд теңге тартылды).

3-міндет

Проблемалық жобалардың санын азайту бойынша іс-шаралар өткізу

2020 жылдың қорытындысы бойынша өтеу жоспарының орындалуы 11, 358 млрд теңгені немесе 116,4%-ды құрады.

Өткізілген іс-шаралардың нәтижелері бойынша 2020 жылы 82 жоба толығымен өтелді, 1 240 млн теңге сомасына 7 жоба есептен шығарылды, 6 678,8 млн теңге сомасына 90 жоба ағымдағы портфельге берілді. «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тоқтап тұрған проблемалық жобаларымен жұмыс жасау аясында компания әлеуетті инвесторларды

тарту үшін тоқтап тұрған проблемалық инвестициялық жобаларды оңалту бойынша тұрақты негізде іс-шаралар жүргізуде.

4-міндет

Негізгі бизнес-процестер мен ұйымдық құрылымның тиімділігін арттыру

2020 жыл ішінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің жұмыс жасауы аясында ішкі нормативтік құжаттар өзектендірілді және әзірленді:

- 01** Компанияның 2020 жылға арналған Тәуекелдер картасына және тізіліміне IT-тәуекелдерді, комплаенс тәуекелін және персоналды басқару бойынша тәуекелді Тәуекелдер картасының дағдарысты аймағына айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, сондай-ақ 2021 жылға арналған Тәуекелдер картасын және тізілімді өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Тәуекелдер тізілімі аясында орындау мерзімі және жауапты бөлімшелері бар тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар әзірленді;
- 02** Карантин жағдайында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында Компания қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары әзірленді;
- 03** Компанияның контрагент банктерінің тікелей және шартты міндеттемелері бойынша жаңа редакциядағы лимиттерді белгілеу ережесі бекітілді;
- 04** Жобалар тәуекелдерін анықтау және кредит құрылымы бойынша бағалауды айқындау кезінде қойылатын талаптар және қарыз алушының менеджмент жүйесінің бағасын қою кезіндегі талаптар бөлігінде Компанияның қарыз алушысына кредиттік рейтингті беру жөніндегі әдістемеге өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, Компанияның қолданыстағы бизнес-процестерінде тәуекелдерді/жорамалдарды анықтау мақсатында:

- 01** Кредиттік өтінімдерді қарау жөніндегі автоматтандырылған жүйеге (CRM жүйесі) талдау бойынша жұмыс жүргізілді, жүргізілген талдау нәтижелері тәуекелдерді бағалау жөніндегі тоқсан сайынғы есеп шеңберінде уәкілетті органға ұсынылды;
- 02** Қарыз алушылар және олардың өзара байланысты қарыз алушылар/лизинг алушылар тобымен үлестестігі бойынша енгізілетін ақпараттың болуына, толықтығына және түзетілуіне 1С КАЖ ішінара тексеру жүргізілді, тексеру нәтижелері бойынша Тәуекел-менеджмент департаменті кредиттік бөлімшелерге байланысты компаниялар топтары бойынша базаны құру/қалыптастыру жөніндегі бірыңғай тұжырымдаманы пысықтау жөнінде ұсынымдар берді.

Компанияның барлық сатып алулары, сондай-ақ 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап сатып алу шарттарын жасасу тек сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

5-міндет

Мобильді және ықшам Холдингті құруға қатысу

Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның оған «ҚазАгроӨнім» АҚ қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуы жүзеге асырылды.

«ҚазАгроӨнім» АҚ қызметін тоқтатуды тіркеу туралы» 2020 жылғы 17 наурыздағы № 3621 «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бұйрығына сәйкес (БСН 010940000122) «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға қосылу жолымен «ҚазАгроӨнім» АҚ өз қызметін тоқтатты және 10.09.2001 жылғы № 4708-1900-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманың күші жойылды.

Негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру

2020 жылы Компанияда онлайн-өтінім беру және кредит берудің автоматтандырылған процесі жүйесі (BPM-жүйе) әзірленді. Үдерістерді оңтайландыру бойынша үлкен талдамалық және әдіснамалық жұмыс жүргізілді. Компания жүйесінің мемлекеттік және басқа мәліметтер қорымен интеграциялануына байланысты әлеуетті қатысушы туралы ақпарат автоматты түрде өңделеді. Жүйе қарыз алушының Компанияның ең төменгі талаптарына сәйкестігін, оның ішінде мемлекеттік деректер қорынан алынған деректерін автоматты түрде талдау арқылы сенімділігі мен кредит қабілеттілігін тексеруді жүзеге асырады. Сонымен қатар, BPM Самунда өнеркәсіптік жүйесі негізінде кредиттік өтінімдерді қараудың жергілікті жүйесі әзірленді, оның мақсаты қызмет көрсетудің айқындылығын, сапасын және жылдамдығын арттыру болып табылады.

Компанияның ақпараттық жүйелері мен кредиттік серіктестіктердің CUCTUS («Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-мен бірлесіп әзірленген кредиттік серіктестіктерге арналған кредиттік конвейер жүйесі) жүйесімен интеграциясы жүзеге асырылды, компания жүйелеріндегі және кредиттік серіктестіктердегі соңғы қарыз алушылар бойынша деректерді автоматты түрде толтыру үшін ЖТ/ЗТ МДҚ-мен деректерді алу бойынша сервис әзірленді, сондай-ақ микроқаржы ұйымдары туралы заңнамадағы өзгерістерге байланысты «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-да және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-інде кредиттік серіктестіктердің деректерді түсіру бойынша сервисі құрылды.

7-міндет

Корпоративтік басқару рейтингін арттыру

Басқарманың сапасына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша «Достық Эдвай-зори» ЖШС 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша Компанияға G. SOE-A – «Басқару сапасының жоғары деңгейі» рейтингін берді. Компанияның Директорлар кеңесінің 22.05.2020 жылғы № 7 шешімімен рейтингті беру туралы есеп мақұлданды.

8-міндет

Адами ресурстарды дамыту

Адами ресурстарды дамыту және қызметкерлерді ынталандыру мақсатында, сондай-ақ Компанияда корпоративтік рухты дамыту үшін 2020 жылы негізгі функцияларды орындау тәсілдері, атап айтқанда персоналды басқару және адами ресурстарды дамыту қағидаттары өзгерді:

- 01** Қызметкерлерді іскерлік және жеке қасиеттері бойынша таңдау қағидаты – бос лауазымға әр үміткермен сұхбат;
- 02** Сабақтастық қағидаты;
- 03** Сәйкестік қағидаты;
- 04** Біліктілікті арттыру қағидаты;
- 05** Қызметкерлердің қызметін бағалаудың негізделген өлшемшарттарын пайдалану және тұрақты мансаптық өсу үшін жағдайларды қамтамасыз ету негізінде олардың лауазымдық және кәсіби тұрғыдан көтерілу қағидаты;
- 06** Еңбек міндеттерін орындауға сенім мен бақылауды үйлестіру қағидаты;
- 07** Қызметкерлер арасындағы ашық жарыс қағидаты;
- 08** Құқықтық қорғалу принципі.

2020 жылы тәуелсіз компания Компания персоналының қатысу көрсеткішіне баға берді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қатысу деңгейі Даму аймағына және Табыстылық аймағына сәйкес келеді, бұл орташа-жоғары көрсеткіш.

Компания қызметкерлерінің тартылуына оң ықпал ететін негізгі фактор ұжымдық қатынастар ішіндегі жүйе болып табылады (фактор бойынша қанағаттану 93%-ды құрайды). Қатардағы қызметкерлер мен басшылық арасында сенімнің жоғары деңгейі, әріптестерді қолдаудың маңыздылығы және басшылықтың қызметкерлерді жұмысты сапалы орындауға ынталандыру тәсілі байқалады.


9-міндет

«Тиімділікті басқару жүйесін» арттыру

«Тиімділікті басқару жүйесін» арттыру аясында Компанияның Басқарушылық есептілік картасы бекітілді, онда барлығы 301 есеп, оның ішінде Жалғыз акционерге – 57, Ұлттық Банкке – 17, статистика органдарына – 77, KASE-ге – 15, Мемлекеттік кірістер органдарына – 97 есеп, ақпараттық-есептеу орталығына – 28 есеп берілді.

Операциялық қызмет нәтижелері


20 жыл ішінде компанияның салаға салған инвестициясы 1,5 трлн теңгені құрады, қарыз алушылардың саны 76 мыңнан асады.



2017-2020 жылдары Компания жалпы сомасы 303,7 млрд теңгеге 332 инвестициялық жобаны қаржыландырды.

Өңірлерді инвестициялық жобалармен қамту картасы

(2017-2020 жылдар)



2020 жылы жалпы сомасы 277,3 млрд теңгеге 7817 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге несие берілді.

Қаржы институттарын қорландыру үлесі кредиттеудің жалпы көлемінің 54%-ын – 277,3 млрд теңгені құрады.

7817

Было прокредитовано сельхозтоварпроизводителей в 2020 году.

Қаржы институттарын қорландыру

Сату арналары	Саны, бірл.	Сомасы, млн теңге	Үлесі
Тікелей кредиттеу	1 665	128 151,8	46%
Қаржы институттарын қорландыру	6 152	149 170,2	54%
БАРЛЫҒЫ	7 817	277 322,0	100%

Сату арналары	Саны, бірл.	Сомасы, млн теңге	Үлесі
КС	4924	110 086,8	73,8
ЕДБ	128	31 015,7	20,8
МҚҰ	1073	3 535,9	2,4
ЛК	27	4 531,7	3,0
БАРЛЫҒЫ	6 152	149 170,2	100

Компанияның кредиттік бағдарламалары бойынша кредиттеу

Атауы	Сату арналары	Саны, бірл *	Сомасы, млн теңге
«Кең дала» бағдарламасы	Прямое кредитование, КТ, МФО, БВУ	2 401	70 001,1
«Агробизнес» бағдарламасы	прямое кредитование, КТ, ЛК, БВУ	851	65 496
«Агроэкспорт» бағдарламасы	прямое кредитование	10	10 100,6
«Іскер» бағдарламасы	КТ, МФО	1 861	12 765,2
«Агротехника» бағдарламасы	КТ, ЛК	310	12 955,8
ҚР ҰҚ қаражаты есебінен жобаларды кредиттеу	прямое кредитование, КТ	18	17 707,2

Қарапайым заттар экономикасы	прямое кредитование, КТ	909	48 486,1
КЕЖ-ге Қарапайым заттар экономикасы	прямое кредитование, КТ	318	24 998,3
«Сыбаға» ІҚМ бағдарламасы	прямое кредитование, КТ	52	7 236,8
«Сыбаға» ҰҚМ бағдарламасы	прямое кредитование, КТ	369	7 574,4
БАРЛЫҒЫ		7 817*	277 321,9

* - қарыз алушылардың саны қайталанатын БСН/ЖСН-ді алып тастау жолымен қалыптастырылады.

Жеңілдікті кредиттеудің негізгі алушылары ауылдық жерлердегі АӨК субъектілері болды. АӨК субъектілерін жеңілдікпен қаржыландыру «Агробизнес», «Іскер» және «Кең дала» бағдарламалары бойынша КС және МҚҰ қорландыру арқылы жүзеге асырылды.

2020 жылы Компания озық технологияларды пайдалануды көздейтін 50 зәкірлік жобаны қаржыландырды. Жалпы сомада 2973 жұмыс орны құрылды.

Бағыттар бойынша зәкірлік жобалар:

- 01** Сүт-тауарлы фермалар – 14;
- 02** Бордақылау алаңдары – 4;
- 03** Асыл тұқымды шаруашылықтар (репродукторлар) – 3;
- 04** Жылыжай шаруашылықтары – 8;
- 05** Қарқынды бақтар – 2;
- 06** Қайта өңдеу – 6;
- 07** Жеміс және көкөніс сақтау қоймалары желісін дамыту – 4;
- 08** Суару жүйелерін қолдана отырып, жеміс-көкөніс, техникалық және майлы дақылдар өндіру – 3;
- 09** Құс фабрикаларын құру, кеңейту және жаңғырту – 4;
- 10** Жемшөп өндірісін дамыту – 2.


Екінші деңгейдегі банктермен әріптестікте инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру

Жобаның атауы	Қаржыландыру (теңге)
«Green Capital Kazakhstan» ЖШС («Сбербанк» АҚ ЕБ)	473 805 230
«Бота 2015» ЖШС («ВТБ Банк Қазақстан» АҚ ЕҰ)	700 000 000
«Рахат» АҚ («ВТБ Банк Қазақстан» АҚ ЕҰ)	670 000 000
Барлығы	1 843 805 230

Сонымен қатар, 2020 жылы Компания келесі лизингтік компанияларды қаржыландырды:

Жобаның атауы	Қаржыландыру (теңге)
«Лизинг групп» АҚ	31,1 млн
«Технолизинг» ЖШС	4,3 млрд
«Халық-Лизинг» АҚ ҚХБ ЕҰ	200 млн
Барлығы	4, 531 млрд


Компания клиенттерінің саны



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР (млрд)




КІРІСТЕР



АКТИВТЕР



ТАЗА ПАЙДА



МІНДЕТТЕМЕЛЕР

КІРІСТЕР

Атауы	31.12.2018ж.		31.12.2019ж.		31.12.2020ж.		2018 ж. қарай 2019 ж. өсу қарқыны		2018 ж. қарай 2019 ж. өсу қарқыны	
	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	%	мың теңге	%
Кірістер, барлығы оның ішінде:	37 192 788	100	55 180 039	100	63 770 837	100	17 987 251	148	8 590 798	116
Негізгі қызметтен түскен кірістер	36 991 029	99	54 961 158	99	63 586 537	99	17 970 129	149	8 625 379	116
Басқа операциялық кірістер	201 759	1	218 881	1	184 300	1	17 122	108	-34 581	84

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда негізгі қызметтен түскен кірістердің өсуі 16%-ды құрады, ұлғаю негізінен мыналардың есебінен болды:

- 01** Несие портфелінің 15%-ға өсуі;
- 02** Кредиттік ресурстарды беру көлемінің жоспардан асып кетуі;
- 03** Ағымдағы шоттарда тұрақты жоғары ақша айналымының болуы;
- 04** Мемлекеттік бағалы қағаздарға және мерзімді банк салымдарына УБАҚ орналастыру.

ШЫҒЫСТАР

Атауы	31.12.2018ж.		31.12.2019ж.		31.12.2020ж.		2018 ж. қарай 2019 ж. өсу қарқыны		2018 ж. қарай 2019 ж. өсу қарқыны	
	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	үлес салм.	мың теңге	%	мың теңге	%
Шығыстар, барлығы оның ішінде:	23 845 157	100	35 079 721	100	39 749 748	100	11 234 564	147	4 670 027	113
Қаржыландыру бойынша шығыстар	12 239 918	51	20 519 273	58	26 887 656	67	8 279 355	168	6 368 383	131
Операциялық шығыстар	4 848 776	20	5 428 989	15	5 775 194	15	580 213	112	346 205	106
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	5 076 898	21	7 966 793	23	4 115 936	10	2 889 895	157	-3 850 857	52
Өзге шығыстар	1 679 565	7	1 164 666	3	2 970 962	8	-514 899	69	1 806 296	255
КТС	2 972 014	100	4 066 282	100	4 361 040	100	1 094 268	137	294 758	107
ТК	10 375 617	100	16 034 036	100	19 660 049	100	5 658 419	155	3 626 013	123

2020 жылы Компанияның шығындары 2019 жылмен салыстырғанда 13%-ға өсті.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда шығыстардың ұлғаюы негізінен:

- 01** Қаржыландыру шығындары 31%-ға артты;
- 02** 2019 жылмен салыстырғанда тарту көлемінің 3,6%-ға өсуі және борыштық міндеттемелердің 26%-ға өсуі;
- 03** Әкімшілік шығыстардың 3%-ға және іске асыру бойынша шығыстардың 9,7%-ға өсуі;
- 04** 2019 жылмен салыстырғанда 155%-ға өскен өзге де шығыстар;
- 05** Қаржы активтерін түрлендіру нәтижесінде таза шығындар есебінен.

ТАЗА ПАЙДА ДИНАМИКАСЫ

Таза пайда

Атауы	31.12.2018ж	31.12.2019ж.	31.12.2020ж.	2018 ж. қарай 2019 ж. өсу қарқыны		2019 ж. қарай 2020 ж. өсу қарқыны	
	мың теңге	мың теңге	мың теңге	мың теңге	%	мың теңге	%
Жыл ішіндегі пайда	10 375 617	16 034 036	19 660 049	5 658 419	155	3 626 013	123

Динамика показателей эффективности ROA, ROE

Наименование	31.12.2018ж	31.12.2019ж.	31.12.2020ж.	2019 жылдың 2018 жылға арақатынасы (%-бен)	2020 жылдың 2019 жылға арақатынасы (%-бен)
ROA (%)	3,35	3,84	3,89	115	101
ROE (%)	6,83	10,2	11,71	149	115

- ROA активтерін пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2020 жылы өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1%-ға артық болды, бұл 2019 жылға қарағанда таза табысты 23%-ға және активтерді 18%-ға артық алумен негізделген.

- ROE меншікті капиталын пайдалану тиімділігінің көрсеткіші 2020 жылы өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 15%-ға артық болды, бұл таза кірістің 23%-ға артық алынуымен шарттасқан.

ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын орындау үшін «ҚазАгро» холдингі «Бәйтерек» холдингіне қосылды. Осылайша, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 2021 жылдан бастап «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы болып табылады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ауылда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыратын кредит берудің қолжетімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыра отырып, штаттық режимде жұмыс істеуді жалғастыратын болады.

Компания өз жұмысын мынадай ақиқатқа сүйене отырып құрады:

ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолжетімді қаржы ресурстарымен қамтамасыз етпей агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мүмкін емес.

2020 жылы Компания 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясына түзетулер енгізді. Компания АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының операторы ретінде АӨК субъектілерін мемлекеттік көздерден, капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарынан қаржыландыруды қамтамасыз ету жолымен бағдарламаларды іске асыруды жүзеге асыратын болады. Даму институты ретінде Компания АӨК субъектілерін қаржыландыру жүйесіне және АӨК қосылған құн тізбегіне АӨК субъектілерін қосу үшін АӨК субъектілерінің экономикалық тиімділігін және олардың қаржылық сауаттылығын арттыруға қолдау көрсетуге баса назар аударатын болады.

АӨК субъектілерін қаржыландырумен қамтуды арттыру үшін Компания консультациялық және қаржылық емес қолдаудың өзге де түрлерін көрсету жолымен қаржы институттарының институционалдық мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесетін болады.

Бюджет қаражатына тәуелділікті азайту үшін Компания өзінің қорландыру көздерін түрлендіретін болады. Капиталдың ішкі нарықтарында қаражат тарту көбінесе корпоративтік облигациялар шығару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Компания сондай-ақ халықаралық қаржы институттарынан қаражат тартатын болады. Мақсатты бизнес-модельде Компания қызметінің екі негізгі бағыты айқындалған: қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары.

Бірінші бағыт кейіннен оны 2025 жылға қарай нөлдік деңгейге дейін жеткізе отырып, тікелей кредиттеуді және АӨК-ні қаржыландыру бөлігінде қаржы институттарының институционалдық дамуына қарай тікелей емес кредиттеуді қамтитын болады.

Компания сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенге барынша әлеуметтік-экономикалық әсері бар инвестициялық жобаларды қаржыландыратын болады.

Осылайша, Компания өтеу кестесіне, өндіріс циклдеріне және АӨК субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкес келу мақсатында қаржылық өнімдер мен құралдардың оңтайлы үйлесімін қамтитын «өнім пакетін» қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару қағидат- тарын сақтау

Компания корпоративтік басқаруды қызмет тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капитал тартуға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін ескеруді көздейді және табысты қызметке, оның ішінде компания құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты қолдауға ықпал етеді.

«ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 29 шілдедегі №49 шешімімен бекітілген Компанияны корпоративтік басқару кодексімен 6 негіз қалаушы қағидатты сақтау көзделген.

01

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты Компанияны корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етеді және Компанияның тиімді қызметіне, оның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қолдауға ықпал етеді;

02

Директорлар кеңесі мен Компанияны тиімді басқару қағидаты Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционер мен Компанияның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, ұждандылық, адалдық, дәлдік және өз құзыреті шеңберіндегі жауапкершілік қағидаттарына негізделетінін білдіреді. Басқарма міндеттерді орындау және Компанияның Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Компанияның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары заңдылық, ұждандылық, адалдық, парасаттылық, жүйелілік болып табылады;

03

Компанияның дербес қызметінің қағидаты Компания өз қызметін дербес жүзеге асыратынын білдіреді;

04

Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары компания Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптардың назарына Компанияның қызметі туралы ақпаратты жеткізу мақсатында Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Компания туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және оны басқару туралы шынайы ақпараттың уақытылы ашылуын қамтамасыз етеді;

05

Заңдылық пен этика қағидаттары компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына, Жарғыға, осы Кодекстің ережелеріне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте әрекет ететінін білдіреді;

06

Мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілік қағидаты Компания барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді және өзінің дамуы мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осындай тұлғалармен ынтымақтастыққа ұмтылады. Мүдделі тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өз құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алу мүмкіндігі болуға тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, соңғысы уақытылы және тұрақты негізде нақты, жеткілікті және сенімді ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс. Мүдделі тараптар Басқарманың заңнаманы немесе ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны туралы Директорлар кеңесіне еркін хабарлай алуы тиіс және мұндай хабарлама болған жағдайда оның құқықтарына шек қойылмауы тиіс.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Компанияның жалғыз акционері – «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ. Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады, онда Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреті және оның мүдделерін қозғайтын қызмет туралы ақпарат беру бағыттары, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексімен өзара іс-қимыл бекітілген.

Жалғыз акционердің неғұрлым маңызды функцияларының қатарына Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, сыртқы аудиторды, жылдық қаржылық есептілікті бекіту жатады.

«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ Жалғыз акционерінің 2020 жылға арналған күтулерін іске асыру мақсатында Компания Басқармасының 2020 жылғы 11 мамырдағы № 25 шешімімен Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру және Жалғыз акционердің күтулері жөніндегі операциялық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілді.

Күту туралы хатта 2020 жылы Жалғыз акционер 3 негізгі міндет бойынша шаралар қабылдауды күтуде:

- 01** Қызметтің негізгі бағыттары;
- 02** Бизнес-процестерді жетілдіру;
- 03** Директорлар кеңесінің қызметі.

92%

Составило исполнение Плана мероприятий по исполнению ожиданий Единственного акционера по итогам 2020 года (из 37 запланированных мероприятий исполнено 34)

2020 жылдың қорытындысы бойынша Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша Жалғыз акционердің күтулері 92%-ды құрады (жоспарланған 37 іс-шараның 34-і орындалды).

01

2019 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту және 2019 жылғы таза табысты бөлу тәртібі.

02

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымды анықтау.

03

2020 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша Жалғыз акционердің күту хатының орындалуы туралы есепті қарау.

04

Компанияның 2019 жылға арналған жарияланатын жылдық есебін бекіту.

05

2020 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Жалғыз акционердің күту хатының орындалуы туралы есепті қарау.

06

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселені қарау.

07

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге толықтыруларды бекіту туралы» мәселені қарау.

08

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 2020 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау туралы» мәселені қарау.



Павел Луцак

ТОО «Найдоровское»

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Компанияның менеджмент құрылымы

Компанияның басқару органдарына мыналар жатады:

- 01** Жоғарғы орган - Жалғыз акционер;
- 02** Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 03** Атқарушы орган - Басқарма;
- 04** Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және Компания қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын Орган - Ішкі аудит қызметі;
- 05** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге де органдар.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Қоғамның ұйымдық құрылымы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 25.10.2019 жылғы № 16 шешімімен бекітілген.
01.01.2021 ж. қызметкерлердің жалпы саны – 410 бірлік, (ОА – 170 бірлік, филиалдар – 240 бірл.)



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2020 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесінің құрамына 6 адам кіреді, оның 3 мүшесі – тәуелсіз директорлар.



Тасжүреков
Ербол
Қуанышұлы

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ
Басқарушы директоры –
Басқарма мүшесі

Директорлар кеңесінің төрағасы

(Жалғыз акционердің өкілі)

Туған күні: 1979 жылғы 25 маусым

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Тараз мемлекеттік университеті
- Халықаралық қазақ-түрік университеті
- ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, магистратура
- «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша Франция Өкімшілігінің Ұлттық мектебі

Еңбек өтілі:

- Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестициялар комитеті төрағасының орынбасары (2016-2018жж.);
- Оңтүстік Қазақстан, Түркістан облысы әкімінің орынбасары (2018-2019жж.);
- «ҚазАгро» ҰБХ» акционерлік қоғамының Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (2019-2020 жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (22.05.2020 ж.бастап).



Джувашев
Асылхан
Болатұлы

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ
Басқарушы директоры –
Басқарма мүшесі

Директорлар кеңесінің мүшесі

(Жалғыз акционердің өкілі)

Туған күні: 1981 жылғы 31 қаңтар

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

Еңбек өтілі:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Кредит беру және лизинг басқармасының бастығы (2009-2011жж.);
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2011-2015жж.);



Құлтаев
Бағлан
Құлыбайұлы

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма
төрағасы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1977 жылғы 23 мамыр

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы (1998);
- Орталық Азия университеті, Алматы (2001);

Еңбек өтілі:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (2018ж.);
- «АХЕ Capital Group» ЖШС Бас директоры (2018-2019жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Өкімшілендіру және мониторинг жөніндегі басқарушы директоры (2019-2020 жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы (03.2020 ж. бастап)



Енкебаев
Досым
Көбейұлы

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Басқарушы директоры

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған күні: 1976 жылғы 12 мамыр

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті
- Қазақ мемлекеттік заң университеті

Еңбек өтілі:

- «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мүдделерінің өкілі (2013-2014жж.);
- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасының қаржылық, экономикалық, құқықтық, дағдарысқа қарсы мәселелер жөніндегі кеңесшісі (2014-2016жж.);
- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары (2016-2020 жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ тәуелсіз директоры (08.07.2020 ж. бастап)



**Нұрғожин
Әділ
Ерғалиұлы**

«Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» АҚ
Басқарушы директоры

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған күні: 1983 жылғы 28 наурыз

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Қазақ ұлттық университеті
- Монтана университеті (АҚШ)
- Ланчжоу университеті (ҚХР)

Еңбек өтілі:

- «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» АҚ Маркетинг және жарнама, содан кейін Стратегиялық даму департаментінің директоры (2007-2009жж.);
- Тау-кен және химия өнеркәсібіндегі инвестициялық жобалар жөніндегі департамент директоры,
- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Басқарушы директоры (2009-2012жж.);
- «VTB Capital I2BF» ЖШС Бас директоры (2012-2018жж.);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры (2018 ж. - қазіргі уақытқа дейін).
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры



**Жолдыбеков
Қуат
Төлегенұлы**

«KazakhExport» экспорт-
тық сақтандыру компа-
ниясы» АҚ Басқарушы
директоры

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған күні: 1985 жылғы 30 қаңтар

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Еуразия ұлттық университеті
- Семей мемлекеттік университеті
- KDI School of Public Policy and management, Сеул қ., Оңтүстік Корея

Еңбек өтілі:

- ҚР Өңірлік даму министрлігі Өңірлердің жүйелік проблемаларын талдау департаменті директорының орынбасары (2013-2014);
- ҚР Премьер-Министрі бірінші орынбасарының кеңесшісі (2014-2016жж.);
- «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі (2016-2018 жж.);
- «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (2018 жылдан бастап);
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесі өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін ең төменгі заңды, қаржылық және беделдік тәуекелдермен қаржыландыру саласында қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ тұлғасындағы Жалғыз акционердің мүддесіне сай жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз функцияларын компания Жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- 01 Компанияның даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері);
- 02 Даму жоспарының ҚНҚ қою және мониторингілеу;
- 03 Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- 04 Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингтеу;
- 05 Сайлау, марапаттау, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма қызметін қадағалау.

Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие болады.

Директорлар кеңесінің мүшелері ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару, сондай-ақ құқықтану саласында мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

Тағайындау және іріктеу

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің құрамына қабылдануға тиісті кандидатты қарастырады.

В соответствии с подпунктом 8) пункта 16 Устава АО «Аграрная кредитная корпорация» вопросы определения количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание его членов и досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей относится к исключительной компетенции Единственного акционера.

В соответствии с Положением о Совете директоров АО «Аграрная кредитная корпорация» поиск, отбор кандидатов в состав Совета директоров может производиться как Компанией, так и Единственным акционером самостоятельно.

Кандидаттарды іздеу, іріктеу және сайлау тәртібі мынадай кезеңдерден тұрады:

- 01 Директорлар кеңесінің құрамына директорларды іріктеудегі қажеттілікті айқындау;
- 02 Біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидаттарды іздеу;
- 03 Кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалау;
- 04 Кандидаттарды Жалғыз акционердің қарауы және сайлау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Стратегиялық
жоспарлау және
тәуекелдер
жөніндегі коми-
тет

**Енкебаев
Досым Көбейұлы**

Комитет төрағасы

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарушы директоры

**Нұрғожин
Әділ Ерғалиұлы**

Комитет мүшесі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры

**Жолдыбеков
Қуат Төлегенұлы**

Комитет мүшесі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарушы директоры

А.А. Омаров

Комитет сарапшысы

Д.Б. Оразымбетова

Комитет сарапшысы

А.А. Қайырденова

Комитет сарапшысы

А.С. Жұмабай

Комитет сарапшысы

Г.Г. Әбілқасова

Комитет сарапшысы

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

- 01 Стратегиялық жоспарлау;
- 02 Инвестициялық қызмет;
- 03 Инновациялық қызмет;
- 04 Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері;
- 05 Есептілік және қызметті бағалау;
- 06 Басқа функциялар.

12

ОТЫРЫС

2020 жылы өткізілді.

Кредиттік саясат
және проблема-
лық қарыздар
жөніндегі комитет

**Нұрғожин
Әділ Ерғалиұлы**

Комитет төрағасы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры

**Енкебаев
Досым Көбейұлы**

Комитет мүшесі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарушы директоры

**Жолдыбеков
Қуат Төлегенұлы**

Комитет мүшесі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарушы директоры

С.К. Шапенов

Комитет сарапшысы

Г.Г. Әбілқасова

Комитет сарапшысы

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

- 01 Сыныптауышты ескере отырып, Компанияның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 02 Ірі мәмілелер мен мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 03 Кредиттік қызметті және Компанияның проблемалық қарыздарымен жұмысты бақылаудың, реттеудің және біріздендірудің негізгі стратегиялары мен қағидаттарын айқындау.

Ішкі аудит
комитеті

**Жолдыбеков
Қуат Төлегенұлы**

Комитет төрағасы

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарушы директоры

**Нұрғожин
Әділ Ерғалиұлы**

Комитет мүшесі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры

8

ОТЫРЫС

2020 жылы өткізілді.

**Енкебаев
Досым Көбейұлы**

Комитет мүшесі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарушы директоры

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

- 01 Қаржылық есептілік;
- 02 Сыртқы аудит;
- 03 Ішкі аудит;
- 04 Заңнаманы сақтау;
- 05 Есептілік және қызметті бағалау;
- 06 Басқа функциялар.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет**Жолдыбеков
Қуат Төлегенұлы**

Комитет төрағасы

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарушы директоры

**Нұрғожин
Әділ Ерғалиұлы**

Комитет мүшесі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры

**Енкебаев
Досым Көбейұлы**

Комитет мүшесі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқарушы директоры

Утегалиева А.А.

Комитет сарапшысы

Жұмабай А.С.

Комитет сарапшысы

13

ОТЫРЫС

2020 жылы өткізілді.

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарау кіреді:

- 01 Біліктілік талаптарына сәйкестік бойынша;
- 02 Кандидаттарды бағалау бойынша;
- 03 Сабақтастықты жоспарлау бойынша;
- 04 Қызметті бағалау бойынша;
- 05 Сыйақы жүйесі бойынша;
- 06 Дамыту бойынша;
- 07 Тәртіптік жазалар бойынша;
- 08 Өкілеттіктерді тоқтату бойынша;
- 09 Штат санына, еңбекке ақы төлеу қорына, оқуға арналған шығыстарға, ұйымдық құрылымға байланысты мәселелерді алдын ала қарау;
- 10 Кадр саясатын, Компания қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға байланысты ішкі нормативтік құжаттарды алдын ала мақұлдау;
- 11 Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіне байланысты мәселелерді алдын ала қарау;
- 12 Комитетке немесе Директорлар кеңесіне жүгінген жағдайда еңбек даулары мен жанжалдарға байланысты мәселелерді алдын ала қарау;
- 13 Есептілік және қызметті бағалау бойынша.
2020 жылы 13 отырыс өткізілді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпшілік, парасаттылық және сақтық, адалдық және объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

2020 жылы Директорлар кеңесінің 20 отырысы өткізілді, оның ішінде 13 күндізгі және 7 сырттай. 179 мәселе қаралды.

2021 жылы Даму стратегиясын одан әрі іске асыруды қоса алғанда, барлық қойылған міндеттерді орындау, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесін жақсарту және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

БАСҚАРМА

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы орган болып табылады.

Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамына Басқарманың жеті мүшесі кіреді.



Б.Қ. Құлтаев

Басқарма төрағасы

Туған күні: 1977 жылғы 23 мамыр

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы (1998);
- Орталық Азия университеті, Алматы (2001);

Еңбек өтілі:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (2018ж.);
- «АХЕ Capital Group» ЖШС Бас директоры (2018-2019жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Әкімшілендіру және мониторинг жөніндегі басқарушы директоры (2019-2020 жж.);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы (03.2020 ж. бастап)



А.Ж. Әбенев

Кредиттеу жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1973 жылғы 6 қаңтар

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясы

Еңбек өтілі:

- «Хоум Кредит Банк» АҚ Басқарма бастығы (2014);
- «ЗУМКАД» ЖШС директоры (2015-2017);
- «Р-Финанс» Автолом-бард» ЖШС Аймақтық директоры (2017-2020);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ әкімшілендіру және мониторинг жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (02.2020-04.2020);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Кредиттеу жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі (04.2020 бастап).



А.Р. Кенжебаева

Қаржы институттарымен жұмыс жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1980 жылғы 21 маусым

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Қазақ Мемлекеттік Заң Академиясы
- Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік Экономикалық Университеті
- Инновациялық Еуразия университеті
- M&MU Business school, Scotland UK

Еңбек өтілі:

- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Өңірлік даму департаментінің директоры (2011-2016);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры – Өңірлік даму департаментінің директоры (2016-2017);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры (2017-2019);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (09.2019 бастап);



А.К. Әлиев

Қаржы мәселелері жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Туған күні: 1966 жылғы 21 маусым

Туған жері: ҚазКСР

Білімі:

- Қарағанды Орталық Одақ кооперативтік институты
- Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты
- РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы

Еңбек өтілі:

- Қостанай облысы бойынша Қазынашылық департаменті бастығының орынбасары (2005-2007);
- «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ бірінші орынбасары, Басқарма төрағасы (2007-2016);
- Қостанай облысы Қарабалық ауданының әкімі (2017-2018);
- Республикалық ветеринарлық зертхананың бас директоры (2018-2019);
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ қаржы мәселелері жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (09.2019 бастап).



Д.С. Байқуатов

Даму жөніндегі Басқарушы директор - Басқарма мүшесі**Туған күні:** 1976 жылғы 22 сәуір**Туған жері:** ҚазКСР**Білімі:**

- Қазақ көлік және коммуникация академиясы
- Халықаралық бизнес университеті

Еңбек өтілі:

- «БТА Ипотека» ипотекалық ұйымының атқарушы директоры (2004-2013);
- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Банктік технологиялар департаментінің директоры, Банктік өнімдерді әзірлеу және енгізу департаментінің директоры (2014-2018);
- «Баспана» ипотекалық ұйымының Басқарма төрағасының орынбасары (2018-2019);
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Даму жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі (07.2019 бастап).



Қ.С. Жауымбаев

Әкімшілендіру және мониторинг жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**Туған күні:** 1981 жылғы 24 қыркүйек**Туған жері:** ҚазКСР**Білімі:**

- Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Еңбек өтілі:

- «Альфа банк» АҚ ШОБ департаментінің директоры (2009-2012);
- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры (2012-2017);
- «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарма төрағасы (2017-2020);
- Басқару және мониторинг жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі (04.2020 бастап).



Қ.С. Жанчурин

Құқықтық сүйемелдеу және проблемалық қарыздар жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі**Туған күні:** 1979 жылғы 23 қараша**Туған жері:** ҚазКСР**Білімі:**

- С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті.
- Д.А. Қонаев атындағы университет.

Еңбек өтілі:

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу стратегиясы департаменті Жалпы құқықтық, талап-арыз және шарттық жұмыс басқармасының бас сарапшысы (2008-2012);
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Сатып алуды құқықтық қамтамасыз ету департаментінің Нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мониторингі және жүйелеу басқармасының бастығы (2012-2014);
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Сатып алуды құқықтық қамтамасыз ету департаменті ҚР АШМ нормативтік құқықтық актілерді сараптау басқармасының басшысы (2014-2019);
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары (2019-2020);
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ құқықтық сүйемелдеу және проблемалық қарыздар жөніндегі Басқарушы директор – Басқарма мүшесі (04.2020 бастап).

Басқарма жұмысы

Басқарма қызметінің мақсаты – Компанияның даму стратегиясы мен даму жоспарын тиімді іске асыру. Басқарманың қызметі мынадай қағида-даттарға негізделеді:

- 01 Айқындылық және ашықтық;
- 02 Жауапкершілік және есептілік;
- 03 Міндеттерді объективті бөлу;
- 04 Операцияларды тиісті мақұлдау және бекіту;
- 05 Кешенділік және жүйелілік;
- 06 Тұрақты даму және жетілдіру;
- 07 Икемділік;
- 08 Бақылаудың кез келген елеулі әлсіздігін және әлсіз жерлерін анықтау мен ден қоюдың уақтылығы;
- 09 Басқарма қызметі салаларының басымдылығы;
- 10 Технологиялылығы;
- 11 Қызметкерлердің құзыреттілігі;
- 12 Рәсімдердің құжатталуы;
- 13 Ақпараттың сенімділігі мен толықтығы.

**64
отырыс**

2020 жылы өткізілді.

2020 жылы Басқарманың 64 отырысы өткізілді, оның ішінде 39 отырыс күндізгі нысанда, 25 отырыс сырттай нысанда өтті. 2020 жылы Басқармамен барлығы 440 мәселе қаралды, оның ішінде 116 мәселе Компанияның Директорлар кеңесінің отырысына бастамашылық етілді, олар бойынша шешімдер қабылданды және тапсырмалар берілді.

Қарастырылған сұрақтардың негізгі блоктары:

- 01 Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Компания атынан жасалатын мәмілелер;
- 02 Директорлар кеңесі бекіткен штат санын ескере отырып, Компанияның штат кестесін бекіту;
- 03 Директорлар кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттар сыныптауышына сәйкес Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
- 04 Компанияның міндеттемелерін Компанияның меншікті капиталы мөлшерінің 2-ден 10 пайызға дейінгі сомасына ұлғайту;
- 05 Уақытша бос ақшаны орналастыру, егер заңнамада және осы Жарғыда мұндай шешім қабылдау Компанияның өзге органының құзыретіне жатпаса, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бағалы қағаздарды сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешімді бекіту туралы;
- 06 Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- 07 Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Компания қызметінің өзге де мәселелері.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМА СЫЙ- АҚЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Компания үшін Директорлар кеңесінің құрамына осы тұлғаның қатысуынан күтілетін оң әсер назарға алынуға тиіс. Егер заңнамада, Компанияның және олар жұмыс істейтін ұйымдардың нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді. Компанияның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды. Тиянақталған жылдық сыйақы мөлшері Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалады.

Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде тәуелсіз директор дауыс берген компанияға залал келтіру фактісі анықталған жағдайда сыйақы төленбейді. Компанияның төрағасы мен Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Сыйақы орындалатын жұмыс пен атқаратын лауазымның күрделілігін ескере отырып, жеке тәсіл негізінде сараланады.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төраға мен Басқарма мүшелерінің қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелеріне және Директорлар кеңесінің олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты жылына бір рет төленеді.

«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидастары мынадай кезеңдерден тұрады:

- 01 ҚНК және жоспарлы мәндерді анықтау;
- 02 ҚНК бекіту;
- 03 Қол жеткізілген ҚНК нәтижелілігін есептеу және бекіту.

129,58

млн тенге

Суммарный размер вознаграждения членов Совета директоров и Правления, выплаченный в 2020 году.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2020 жылы төленген сыйақының жиынтық мөлшері 129,58 млн теңгені құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы сыйақыдан және әлеуметтік қамсыздандыру аударымдарынан тұрады. Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы басқа да қысқа мерзімді төлемдердің жалақысынан, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру аударымдарынан тұрады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОР- ЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ әлеуметтік жауапты компания ретінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ашық және төзімсіз қоғам құруға ұмтылады. Компанияда іс-шаралар кешенін қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі. Компания еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда, атқаратын лауазымына қарамастан қызметкерлер үшін жазаның бұлтартпастығын жария етеді.

2020 жылы Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай іс-шаралар өткізді:

- 01 Компания қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің болмауы/болуы туралы көрсетілетін қызметті алушыларға қоңырау шалу бойынша жүйе пилоттық режимде енгізілді;
- 02 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениеті енгізілді (сыбайлас жемқордың портретін әзірлеу, осындай портретке сәйкес келетін қызметкерлерді сәйкестендіру, заңнамада көзделген тәртіппен оның қаржылық жағдайын бақылауды қоса алғанда, оның қоғамдағы қызметіне мониторинг жүргізу);
- 03 Пилоттық режимде Компанияның негізгі бизнес-процестерін бақылау тетігі енгізілді (кредиттеу, соңғы бақылау, проблемалық кредиттермен жұмыс, талап-арыз жұмысы, сатып алулар);
- 04 «Өз қызметкеріңді біл» сауалнамасының нысаны өзектендірілді, сондай-ақ уәкілетті орган мүшелерін контрагентпен (қарыз алушы, лизинг алушы, өнім беруші) аффилиирленгендігіне тексеру үдерісі енгізілді;
- 05 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары өзектендірілді;
- 06 Көрсетілетін қызметті алушылардан және өзге де тұлғалардан келіп түскен шағымдарға жауаптарды қарау сапасына талдау жүргізіледі (тұрақты негізде).

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Корпоративтік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ басқа да ішкі құжаттарының негізінде іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған әлемдік стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді. Кодекс Компанияның іскерлік этика және корпоративтік құндылықтар қағидастарын пайымдауы мен түсінуін білдіреді.

Компанияның корпоративтік құндылықтары


1. Құзыреттілік және кәсібилік;
2. Адалдық пен ашықтық;
3. Заңдылық және әділеттілік;
4. Жауапкершілік;
5. Адамның құндылықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу;
6. Патриотизм;
7. Бірыңғай «командалық» рух.

Өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Компания қызметкерлері Компанияның барлық қызметкерлеріне қолданылатын келесі корпоративтік этикалық қағидаларды басшылыққа алады:

- Барлық кәсіби және іскерлік қарым-қатынастарда әділ қарым-қатынасты, шынайылық пен адалдықты болжайтын парасаттылық;
- Кәсіби немесе іскерлік пайымдауды өзгерту мақсатында басқа адамдардың бұрмалаушылыққа, мүдделер қақтығысына, қысым көрсетуіне жол бермейтін объективтілік;
- **Кәсіби құзыреттілік** - Компанияда білікті кәсіби жұмысты жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде кәсіби білімді тұрақты қолдау; кәсіби дамуға және біліктілікті арттыруға ұмтылу;
- **Құрмет** - Жалғыз акционерге, серіктестерге және әріптестерге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тиісті назар аудару;
- **Ынтымақтастық және нәтижелілік** - стратегиялық және күнделікті міндеттерді шешу үшін күш-жігерді біріктіру, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін топтасқан командадағы жұмыс;
- **Құпиялылық** - Компания мен оның серіктестерінің құпия ақпаратына жауапты қарау, оны қорғау және рұқсатсыз таратуды болдырмау шараларын қабылдау;
- **Мінез-құлық қағидастарын ұстану** - Компанияның негізгі құндылықтары мен қағидастары осы Кодексте және басқа да ішкі құжаттарда баянды етіліп қана қоймай, Компанияның басшылығы мен қызметкерлері оларды толықтай сақтайды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау Компанияның мақсаттарына қол жеткізудің ақылға қонымды кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі, Басқарма, Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері жүзеге асыратын үдеріс ретінде анықталады. Компанияның ішкі бақылау жүйесі «Ішкі бақылау – интеграцияланған модель» COSO моделіне сәйкес құрылады және келесі өзара байланысты компоненттерден тұрады:



Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

ІБЖ негізгі қағидаттары

Система внутреннего контроля Компании (далее – СВК) основывается на следующих основных принципах:

- 01 Участие в процессе внутреннего контроля всех структурных подразделений и работников Компании, организации внутреннего контроля как повседневной деятельности на всех уровнях управления;
- 02 Охват внутренним контролем всех направлений деятельности и бизнес-процессов и регламентации процедур внутреннего контроля по всем направлениям и бизнес-процессам Компании;
- 03 Осуществление внутреннего контроля на постоянной основе (непрерывность).

Компанияда ішкі бақылау жүйесінің маңызды элементі бизнес-үдерістерді регламенттеу болып табылады, ол құрылымдық бөлімшелердің үдеріс қозғалысын, тізбені, нәтижелерді, бақылау нүктелерін, аяқтау нысандарын, қатысушыларды және олардың жауапкершілігін және т. б. толық сипаттауын қамтиды.

Бизнес-үдерістердің иелері ішкі нормативтік құжаттарға өзекті ету, ішкі бақылауды жетілдіру, мүдделер қақтығысын болдырмау (болған жағдайда), сәйкессіздіктерді анықтау, бизнес-үдерістерді жеткіліксіз регламенттеу/формализациялау қажеттілігі тұрғысынан жыл сайын талдау жүргізеді, ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі.

Ішкі бақылауды басқару мақсатында Компанияда бақылау қарастырылған, ол ҚР заңнамасы, Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі және ішкі нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – Қызмет) Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, Директорлар кеңесіне Компанияның қызметін жетілдіруге және Компанияны басқару тиімділігін, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Компаниядағы корпоративтік басқару жүйелерін арттыруға бағытталған тәуелсіз ақылға қонымды кепілдіктер мен кеңестер беру мақсатында құрылған.

Қызметтің миссиясы Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасына олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсету болып табылады.

Ішкі аудитті жоспарлау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады және 2020 жылы Қызмет 10 аудиторлық тапсырманы орындады, оның ішінде компания филиалдарында аудиторлық тексерулер жүргізілді.

Жүргізілген аудит нәтижелері бойынша Қызмет тиісті ұсынымдар әзірледі және аудит объектілері табылған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі.

Қызмет тоқсан сайынғы негізде ішкі аудит, сыртқы аудит және сыртқы бақылаушы органдардың нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Ішкі аудиттің шоғырландырылған нәтижелері және ұсынымдарды орындау туралы ақпарат Компанияның Директорлар кеңесі қарайтын және бекітетін тоқсан сайынғы және жылдық есептіліктерде көрсетіледі. Есеп беруді Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті алдын ала қарайды.

Қызметтің және оның қызметкерлерінің тиімділігін Компанияның Директорлар кеңесі қызметтің бекітілген негізгі көрсеткіштері негізінде бағалады.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның жарғылық капиталы 2020 жылғы 31 желтоқсанда 167 809 534 теңгені құрайды.

Орналастырылған жай акциялардың саны – 168 124 996, бір акцияның номиналды құны – 998,12 теңге; еркін айналымдағы акциялар жоқ. Бір акцияның теңгерімдік құны – 992,24 теңгені құрайды.

1 акцияға шаққандағы пайда – 116,94 теңге.

Есепті кезеңде акциялармен елеулі мәмілелер және есепті кезеңде орналастырылған акциялар санынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде акцияларды иеленетін акционерлер құрамында өзгерістер жүзеге асырылмады.



Лема Гурсаев

Глава КХ «Гурсаев»

ДИВИДЕНДТЕР

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның дивидендтерді төлеу мақсаттарына, қағидаларына, мөлшеріне, нысанына, мерзімдері мен тәртібіне қатысты саясаты Жалғыз акционердің – «ҚазАгро» Холдингі Басқармасының 04.07.2012 жылғы шешімімен (бұдан әрі - Ереже) бекітілген Дивидендік саясат туралы ережеде айқындалған.

Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған кезде Жалғыз акционер оларды төлеу шарттарына негіздей отыра іске асырады, сондай-ақ есепті қаржы жылы үшін алынған кірістің мөлшерін және Компания қызметін дамыту қажеттілігін ескереді.


Компанияның дивидендік саясаты мынадай қағидастарға негізделеді:

- 01 Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Компания Жарғысында және оның ішкі құжаттарында және корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесінде көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
- 02 Дивидендік төлемдердің мөлшерін анықтау кезіндегі Компания мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;
- 03 Жалғыз акционердің мүдделерін есепке алу және оның активтерін барынша ұлғайту;
- 04 Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау (жариялау) кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау;
- 05 Осы Ережеде қамтылған Компанияның дивидендік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидастары мен тәсілдеріне сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендік саясатты әзірлеу;
- 06 Компанияның атқарушы органының жоспарланған пайда мен дивидендтерге қол жеткізуге уәждемесін қамтамасыз ету.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесі – тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және бақылауға ықпал ететін тұрақты үдеріс, сондай-ақ Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесін тәуекелдер және тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – кірістілік пен тәуекелдер деңгейі арасындағы оңтайлы теңгерімді табу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген мақсаттарды іске асыру аясында Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.



*ҚБ – құрылымдық бөлімшелер

Тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылардың функциялары Компанияның сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатымен айқындалған.

Бірқатар құралдардың көмегімен Компания өз тәуекелдерін уақытылы анықтайды, өлшейді, мониторингін жасайды және бақылайды.

Инструменты по управлению рисками

- Ведение базы данных по рискам;
- Проведение самооценки риска владельцами рисков;
- Мониторинг Ключевых индикаторов риска;
- Формирование реестра и карты рисков;
- Оценка нововведений и/или изменений процессов, систем Компании;
- Отчетность по рискам;
- Анализ результатов аудиторских отчетов по проверкам подразделений Компании служебных расследований и другие источники/отчеты для выявления операционных рисков, заведенные в БД.

2020 жылға арналған тәуекелдер тізілімі Компания өз қызметін жүзеге асыру кезінде ұшыраған 19 тәуекелді қамтиды.

Компания 2020 жылы растаған елеулі тәуекелдерге персоналды басқару бойынша тәуекелдер; процестерді автоматтандыруға байланысты тәуекелдер, кредиттік портфель сапасының нашарлау тәуекелдері, контрагент-банктердің кредиттік тәуекелі, комплаенс тәуекелдер жатқызылды.

Тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдер аясында 2020 жылы деректер мен басқа да тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар әзірленіп, өткізілді, тәуекелдердің иелері бекітілді, нысаналы индикаторлар айқындалды, Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне есептілік ұсынылды. Жыл қорытындысы бойынша жүргізілген жұмыстарды ескере отырып, елеулі тәуекелдердің іске асырылуы байқалмады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау Компанияның Ішкі аудит қызметімен жүзеге асырылады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

Аграрлық сектордың жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, Компанияның қызметі берілген қарыздардың қайтарылмауына байланысты залалдардың туындау тәуекелін білдіретін кредиттік тәуекелдің ықпалына ұшыраған.

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Компанияда кредит беру және тәуекелдерді басқару функцияларын бөлуді ескеретін бизнес-үдерістер бекітілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелер құрылды.

Кредиттік тәуекелдерді басқару

- Первичный анализ кредитного риска структурными подразделениями и анализ подразделением управления рисками;
- Установление лимитов на контрагентов в зависимости от условий продуктовых программ и рейтинга заемщика/филиала;
- Диверсификация кредитного портфеля с целью недопущения чрезмерной концентрации риска;
- Мониторинг кредитного портфеля для идентификации ухудшения качества на ранней стадии;
- Формирование адекватного уровня провизий (резервов на возможные потери).

Управление операционными рисками

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компания операциялық тәуекелдерге ұшырайды. Операциялық тәуекелдер адами фактор, бизнес-үдеріс тәуекелі, ақпараттық жүйелер мен жабдықтар тәуекелі нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығынға ұшырау барысында пайда болады. Операциялық тәуекелді басқару операциялық залалдарға әкелетін оқиғалардың немесе мән-жайлардың басталу ықтималдығын азайтуға және әлеуетті операциялық тәуекелдердің мөлшерін азайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді.

Операциялық тәуекелді сәйкестендіру және оны бағалау үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Компания тәуекел-үйлестірушілер ұсынған іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы деректердің негізінде тәуекелдер бойынша деректер қорын жүргізеді.

Тәуекелдер бойынша деректер қоры бірінші кезекте орын алған тәуекелдік оқиғаларға жедел ден қою және олардың алдын алу мақсатында әзірленді. Компанияның Тәуекел-менеджменті департаменті күн сайын тіркелген тәуекел оқиғаларының болуына мониторинг жүргізеді.

Тәуекел-үйлестірушілердің негізгі функциялары – Тәуекел-менеджмент департаментімен өзара іс-қимыл жасау, операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты толық және уақытылы жинауды және ұсынуды қамтамасыз ету, операциялық тәуекелді басқару бойынша жәрдемдесу және операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдерін және тәуекелдің негізгі индикаторларын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру. Тәуекел-үйлестірушілер үшін Компания қызметкерлерінің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің талаптары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында жүйелі түрде оқыту жүргізіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде Компания операциялық тәуекелдерді басқару үдерісінде жауапкершілікті бөлуді көздейтін «қорғаудың үш желісі» қағидатын басшылыққа алады:



Операциялық тәуекелдерді басқару үдерісі Компанияның ішкі құжаттарымен реттеледі және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Операциялық тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылар әлеуетті тәуекелдерді анықтау және тіркеу, сондай-ақ олардың деңгейін барынша азайту және оларды іске асырудан жағымсыз салдарлардың туындауына жол бермеу шараларын қабылдау функцияларын жүзеге асырады.

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару

Компанияда Қауіпсіздік департаментінің құрамына кіретін және қызметі Компанияның Директорлар кеңесінің 22.05.2020 жылғы №7 шешімімен бекітілген «Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен» регламенттелетін, Департамент директорына тікелей бағынатын Ақпараттық қауіпсіздік қызметі (бұдан әрі – АҚК) жұмыс істейді.

АҚК ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ұсынымдарына сәйкес құпия ақпараттың жария болуын болдырмау, Компанияның ақпараттық жүйесін қорғау жүйесін жетілдіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау жөніндегі іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Компания қызметкерлері құпия ақпараттың сақталуына дербес жауапты болады және жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауға міндетті.

2020 жылы ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің деңгейін төмендетуге бағытталған ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын азайту бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. Осы фактілерді жедел анықтауға және алдын алуға мүмкіндік беретін құпия ақпараттың жария болуын болдырмау жүйесі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, Компания қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру мақсатында АҚК 2020 жылғы желтоқсанда ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыту ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» құжаты бойынша тестілеу өткізілді.

Сондай-ақ Компанияның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау мақсатында тұрақты негізде ақпараттық жүйеге мониторинг жүргізіледі.

Компанияның ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсынуға өтінімдер қол жеткізудің қажеттілігі мен негізділігін растау тұрғысынан көп деңгейлі келісуден және тексеруден өтеді.



Инна Корнеева

Директор ТОО «Колос»

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компанияда тұрақты даму (Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік) қағидаттары сақталады және өз қызметіне және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер бойынша тәуекелдерге талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға жағымсыз әсеріне жол бермеуге немесе оны төмендетуге ұмтылады.

Мүдделі тұлғалармен диалог

Компания мүдделі тұлғалармен диалог құруда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұстанады және стейкхолдерлермен тікелей және кері байланыс арналарының жұмысына жүйелі мониторинг пен талдау жүргізіп отырады.

Стейкхолдерлер	Күтілетін болжам	Өзара әрекеттесу әдісі
Клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> - Жеңілдікті қаржыландыру алу; - Пайыздық мөлшерлемені төмендету; - Қарыз алудың бизнес-үдерістерін оңтайландыру; - Консультациялық қолдау; - Қаржылық емес қолдау – агроқұзыреттілікті арттыруға көмек; - Қажетті ақпаратты уақытылы жеткізу және қолжетімді ету. 	<ul style="list-style-type: none"> - Кері байланыстың бірнеше арналарының болуы, тегін Call-center; - Бизнес-үдерістерді оңтайландыру бойынша тұрақты жұмыс, өнім желісін клиентке бағдарланған тәсілмен бейімдеу; - «Фронт-кеңсе» қызметкерлерін клиентке бағдарлануға және жоғары қызмет көрсетуге оқыту.
Мемлекеттік органдар	<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның Миссиясы мен Жарғысына сәйкес мақсаттар мен міндеттерді орындау; - Заңнаманы сақтау; - Қаржы операторы ретінде Мемлекеттік бағдарламалардың мақсатты индикаторларын орындау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы; - Өтініштер мен өтінімдерге жедел ден қою; - Заңнама талаптарын сақтау.
Инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> - Капитал салу қауіпсіздігі; - Жақсы іскерлік бедел, ашықтық және транспаренттілік; - Тұрақты даму. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ашықтық қағидаттарында ақпараттық саясатты жүргізу; - Инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы; - Келіссөздерге қатысу; - Меморандумдарға қол қою.
Бәсекелестер	<ul style="list-style-type: none"> - Агробіліктілікті арттыру қажеттілігі; - Іскерлік этика нормаларын сақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Агроқұзыреттерді арттыру орталығы аясында ауыл шаруашылығы бизнесіне кредит беру ерекшеліктерін оқыту; - Тәжірибе алмасу.

Акционер	- Стратегиялық міндеттерді орындау;	- Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес Компания қызметінің нәтижелері туралы есеп беру;
	- Компания табыстылығының өсуі;	- Жалғыз акционердің шешімдерін орындау;
		- Жарғы, Компанияның Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету.

Қызметкерлер	- Тұрақты жалақы;	- Меритократияны сақтау, ашық кадрлық саясат;
	- Мансаптық өсу мүмкіндігі;	- Қызметкерлерді олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.
	- Әлеуметтік пакет;	
	- Дамыған корпоративтік мәдениет.	

Қоғам	- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдікті қаржыландыруды қамтамасыз ету;	- Қоғаммен жұмыс жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы;
	- АӨК дамыту	- Ашық ақпараттық саясат.

Экономикалық әсер

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ ауылда бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыратын кредит берудің қолжетімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Компанияның қызметі Қазақстан Республикасының экономикасына мынадай құралдардың көмегімен тікелей оң әсер етеді:

	2019 (млн тенге)	2020 (млн тенге)
Қалыптастырылған экономикалық құн (кірістер)	55 180	63 771
Негізгі қызметтен түскен кірістер	54 961	63 587
Өзге кірістер	219	184
Бөлінген экономикалық құн (шығыстар)	35 080	39 750
Қаржыландыру бойынша шығыстар	20 519	26 888
Қызметкерлерге арналған шығыстар	3 329	3 595

Өзге операциялық шығыстар	2 100	2 180
Өзге де шығыстар	9 132	7 087
КТС	4 066	4 361
Бөлуге арналған экономикалық құны (Таза кіріс)	16 034	19 660

Бұдан басқа, Компания қызметі Компаниядан жеңілдікті кредиттер алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қызметінің нәтижелері, салықтар мен төлемдерді төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнім шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

2020 жылғы жобалар бойынша өнім көлемі:



Жұмыртқа
36,6 млн дана



Сүт
239,3 мың тонна



ІҚМ еті
33,7 мың тонна



Бройлер еті
10,4 мың тонна



Жемістер
49,7 мың тонна



Жылыжай өнімдері
70,2 мың тонна



Май өңдеу
224,8 мың тонна



Көкөністер
88,1 мың тонна

КОМПАНИЯДА САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2020 жылдан бастап Компания сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру және жеткізушілермен тікелей байланысты болдырмау мақсатында сатып алудың мамандандырылған веб-порталында Республиканың Қаржы министрлігі бекіткен Квзимемлекеттік сектор үшін сатып алу қағидаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады. Бұл ретте «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ бірнеше қағидаттарды ұстанады:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- сатып алу үдерісінің ашықтығы мен айқындығы;
- сатып алу үдерісіне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
- әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік.

2020 жылы 374 шарт жасалды. Сатып алудың нақты көлемі 750 381 251 теңгені құрады, оның ішінде тауарлар – 127 537 674 теңге, қызметтер – 622 843 576 теңге. Теңдер тәсілімен 116 234 056 теңге сомаға шарттар жасалды, бұл сатып алудың нақты көлемінің 15,49%-ын құрайды, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 130 341 223 теңге (17,37%), бір көзден алу тәсілімен – 503 805 972 теңге (67,14%).

Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу-дағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 85%-ды құрады.

Жалпы штат саны:

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Компанияның кадр саясатының мақсаты – Компанияның аса маңызды ресурсы ретінде персоналды басқару тиімділігін арттыру және персоналды дамыту арқылы стратегиялық міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Кадр саясатының негізгі басымдықтары:

- 01 Жоғары білікті қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- 02 Персоналды басқарудың озық әдістерін енгізу, Компанияда персоналмен жұмыс істеу бойынша тиімді бөлімшелер құру;
- 03 Компанияның жоғары әлеуетті қызметкерлерінің пулын басқару;
- 04 Компаниядағы инновациялар мен өзгерістерді қолдау;
- 05 Қызметкердің мінез-құлқын регламенттейтін бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, ұстанымдарды жасау және тұжырымдау болып табылады.

Кадр саясатының негізгі қағидаттары:

- 01 Өзара қарым-қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты;
- 02 Қызметкерлер біліктілігінің атқаратын лауазымдарына сәйкестігі;
- 03 Компания мен қызметкерлердің мүдделері мен мақсаттарының өзара байланысы;
- 04 Білім мен тәжірибенің сабақтастығы, қызметкерлерді дамыту мен оқытуға баса назар аудару;
- 05 Сыйақы алуға және сіңірген еңбегі мен қол жеткізген нәтижелері бойынша ілгерілету.

2017	335 штаттық бірлік
2018	339 штаттық бірлік
2019	424 штаттық бірлік
2020	410 штаттық бірлік

Еңбекақы және оның динамикасы

Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қызметкерлер қызметінің тиімділігін объективті бағалау, ішкі әділеттілік және еңбекақы мен сыйақының сыртқы бәсекеге қабілеттілігі, еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін айқындаудың ашықтығы, еңбекақы мен сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі қағидаттарына негізделеді.

2018 жылдан бастап Компанияда лауазымдарды грейдирлеу жүйесі жұмыс істейді (лауазымдарды бағалау референттік нарықпен Компаниядағы сыйақы беру тәжірибесін салыстыру), оған сәйкес қызметкерлердің жалақысы сәйкестікке келтірілген.

Лауазымдарды грейдирлеу жүйесі келесі тәсілдерді қолданады:

- 01 Еңбекке ақы төлеу жүйесінің ашықтығын және басқарылуын қамтамасыз ету;
- 02 Қызметкер мен жұмыс беруші мүдделерінің теңгерімін сақтау;
- 03 Барлық қызметкерлер үшін ортақ ережелерге сәйкес ұйым иерархиясын құру;
- 04 Жалақы мөлшерін белгілеудің бірыңғай ережелерін жасау.

Кадрлардың тұрақтамау деңгейі



Қызметкерлерді тарту деңгейі – Даму аймағына және Жетістік аймағына сәйкес келеді, бұл орташа-жоғары көрсеткіш болып табылады.

Гендерлік статистика, оның ішінде Компания басшылығындағы әйелдердің үлесі:

2017	ерлер – 61% , әйелдер – 39% (басшылықтағы әйелдер үлесі – 40%, желілік басшылар – 35%);
2018	ерлер – 60% , әйелдер – 40% (басшылықтағы әйелдер үлесі – 67%, желілік басшылар – 33%);
2019	ерлер – 56% , әйелдер – 44% (басшылықтағы әйелдер үлесі – 33%, желілік басшылар – 33%);
2020	ерлер – 63% , әйелдер – 37% (басшылықтағы әйелдер үлесі – 17%, желілік басшылар – 21%).

Әлеуметтік жұмыс:

- 01 Компания қызметкерлерге неғұрлым қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдай жасайды, қызметкерлердің еңбек өнімділігіне ықпал ететін әлеуметтік қолдау көрсетеді.
- 02 Компанияда еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүргізіледі. Қызметкерлерді сапалы қосымша медициналық қызметтермен және Компания есебінен қалпына келтіру емін алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
- 03 Персоналдың жоғары өнімді, сапалы еңбегін көтермелеу үшін материалдық (сыйлықақылар, естелік сыйлықтар, материалдық көмек) және материалдық емес ынталандырулар (алғыс жариялау, грамотамен марапаттау) кеңінен пайдаланылады.
- 04 Компанияда балалардың тууы, неке қию және жақын туыстарының қайтыс болуы кезінде қызметкерлерге материалдық көмек төлеу жүйесі қарастырылған.
- 05 Қызметкерлерге олардың демалуы, жұмыс қабілетін қалпына келтіру, денсаулығын нығайту және өзге де жеке қажеттіліктері үшін жалпы ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайтын жыл сайынғы ақылы демалыстар беріледі.
- 06 Сынақ мерзімінен өткен немесе онсыз жұмысқа қабылданған Компания қызметкерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен 2 (екі) лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы қызметкердің қалауы және тараптардың келісімі бойынша жылдың кез келген уақытында бөліп-бөліп берілуі мүмкін.
- 07 Қызметкерлерге емтихандар тапсыру және дипломдық жұмыстарды қорғау үшін қажетті әлеуметтік демалыстар беру және өзге де объективті қажеттілік себептері бойынша әрбір қызметкердің жалақысы сақталмайтын жұмыстан босату, оқу демалысы, денсаулығы мен босануы бойынша демалыс, бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс не жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс беру жүйесі қолданылады.
- 08 Компанияда мерзімдік сыйақы төлеу жүйесі қолданылады. Қызметкерлердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жалақысынан басқа, Компанияда өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер бар.
- 09 Персоналды дамытуды басқарудың негізгі факторларының бірі - белгілі бір міндеттерді шешудегі соңғы нәтижелері үшін қызметкерлерге олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша сыйақы түрінде толық

сыйақы беру. Қызметкерлерге сыйақы беру - бұл олардың адал еңбегін ынталандырудың тиімді шарасы.

- 10 Компанияда демалыс және мереке күндері қызметкерлерді тарту, сондай-ақ қызметкерлердің іссапарларда болуы кезінде барлық кепілдіктер мен өтемақы төлемдерінің сақталуы қамтамасыз етіледі.
- 11 Персоналды дамыту бағыттарының бірі қызметкерлердің негізгі жұмыс орнынан қол үзіп те, қол үзбей де біліктілігін арттыру болып табылады. Қызметкерлер, әдетте, Компания қызметінде талап етілетін бағыттар бойынша оқытылады. Қызметкерлердің ел ішінде де, басқа мемлекеттерде де біліктілігін арттыруға мүмкіндігі бар.
- 12 Компания әлеуметтік-жауапты ұйым ретінде әлеуметтік саясатты іске асыру бойынша дүлей зілзалалардан және басқа да мән-жайлардан зардап шеккен ел азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мұқтаж, аз қамтылған азаматтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге елеулі көңіл бөледі.
- 13 Компания жыл сайын қызметкерлердің корпоративтік рухын қолдауға бағытталған тимбилдингтер мен корпоративтік іс-шаралар өткізеді.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

Қоғам жыл сайын штаттық қызметкерлердің кемінде 25% біліктілігін арттыру курстарына жібереді:

2017 жылы - **305** қызметкер оқытудан өтті;
 2018 жылы - **287** қызметкер оқытудан өтті;
 2019 жылы - **347** қызметкер оқытудан өтті;
 2020 жылы - **44** қызметкер оқытудан өтті (COVID-19 салдарынан Қазақстан Республикасы бойынша карантиндік шараларға байланысты оқыту шараларына мораторий жарияланды).

Сыртқы PR қызметімен қатар, Маркетинг және PR қызметі ішкі коммуникацияларға назар аударады. Осылайша, 2020 жылы компанияның 20 жылдығы қарсаңында корпоративтік журнал құрылды.

МАРКЕТИНГТІК ЖӘНЕ PR ҚЫЗМЕТ

Компания клиенттермен, серіктестермен және БАҚ-пен қарым-қатынасты сенімділік пен ашықтық қағидатына сай құрады.

Басшылық баспасөз конференцияларына, брифингтерге, форумдарға, дөңгелек үстелдерге, теледидар бағдарламаларына үнемі қатысады. Осылайша, қоғам Компанияның басқару буынына сұрақтармен тікелей жүгінуге мүмкіндік алады, ал Компания шешімін іздеуші маңызды мәселелерді клиенттермен немесе БАҚ өкілдерімен бірлесіп ашық диалог негізінде талқылау барысында уақытылы кері байланыс алады.

Қоғамды Компанияның қызметі туралы барынша ақпараттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін барлық қажетті ақпаратты қамтитын корпоративтік сайт ұсынылған. Сайтта жаңалықтар блогы бар, онда барлық соңғы оқиғалар жарияланады; Басқарма төрағасының блогы — азаматтардың өтініштеріне арналған кері байланыс нысаны; Компанияның кредиттік өнімдері туралы бөлім; фото және бейнегалерея; филиалдар мен кредиттік серіктестіктердің байланыстары және т.б қамтылған.

Маркетинг және PR қызметі жыл сайын бірнеше бағыт бойынша бейнероликтер шығарады:

- 01 Компания қарыз алушыларының «Табыс тарихы» нысанындағы кейстері – 20,
- 02 Қоғамды кредиттеу бағдарламалары бойынша анимациялық бейнероликтер – 3,
- 03 Мал шаруашылығы туралы оқыту роликтері – 3.

Іске асырылып жатқан жобалар бойынша тиімді кері байланыс үшін Қазақстанның барлық өңірлері бойынша баспасөз турлары өткізілді. Аталмыш жыл ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржыландырған жобалар бойынша 6 баспасөз туры және 2 блог-тур өткізілді.

Кері байланыс және қоғамды ақпараттандыру жүйесін жетілдіру мақсатында 2020 жылы әлеуметтік желілердегі жұмыс өз жалғасын тапты. Қоғамның ресми аккаунттарына жазылушылар саны пайдалы және қызықты контенттің, сондай-ақ жарияланымдарды жариялауға арналған құралдардың арқасында күн сайын артып келеді. Компанияның Facebook-парақшасы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес компанияларының арасында ең белсенді, әлеуметтік парақшаның апта сайынғы қамтылуы 35 000 органикалық аккаунтты құрайды. Апта сайын әлеуметтік желілер арқылы 20 сұрақ қойылады.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Орталық аппарат қызметкерлерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында, Компания:

- 01 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі стандарттар мен нормалардың талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларын жасайды;
- 02 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын бақылауды ұйымдастырады, қызметкерлерді оның нәтижелері туралы уақытылы хабардар етеді;
- 03 Еңбек шарттарын жасасу кезінде өзіне салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер алады;
- 04 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат бөледі;
- 05 Заңнамада көзделген қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ететін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қайырымдылық және демеушілік көмек тиісті қаржы жылына арналған Жылдық бюджетте көзделген қаражат есебінен және оның шегінде көрсетіледі.

Қайырымдылық және демеушілік саласындағы мақсаттар келесідей:

- 01 Компанияның әлеуметтік жауапты компания ретіндегі беделін нығайту;
- 02 Халықтың неғұрлым мұқтаж санаттарына (балалар, мүгедектер, қарт адамдар) атаулы (тікелей) қолдау көрсету;
- 03 Өзінің әлеуетті клиенттері мен серіктестері тарапынан Компанияға деген бедел мен адалдық имиджін қалыптастыру.

19, 493

млн тенге

Составила общая сумма оказанной благотворительной и спонсорской помощи в 2020 году.

Компания әлеуметтік-жауапты компания саясатын ұстана отырып, әлеуметтік ортаны жақсартуға және азаматтық қоғамды дамытуға ықпал ететін, Компанияға қайырымдылық және демеушілік саласында алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін мәдениет, спорт, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі жобаларды қолдай алады.

Компания жыл сайын «Ауыл шаруашылығы ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігіне ҚР Ауыл қызметкері күніне және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне қаржылай қолдау көрсетіп келеді.

Пандемия кезінде компания Қызылорда облысының 100 медицина қызметкеріне қаржылық қолдау көрсетті.

2020 жылы көрсетілген қайырымдылық және демеушілік көмектің жалпы сомасы – 19, 493 млн теңгені құрады.




**Бейбитхан
Кабдрахманов**

Директор ТОО «Агропарк»

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания қызмет ерекшелігіне байланысты қоршаған ортаға тікелей теріс әсер етпейді. Бұл ретте Компания өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және қызметтің жалпы танылған стандарттарына сәйкес қоршаған ортаға барынша ұқыпты және ұтымды қатынас қағидаттарын ұстанады.



**Нурлан
Мамыров**

ТОО «Агро Импэкс Алатау»

ГЛОССАРИЙ

АӨК - Агроөнеркәсіптік кешен

АШТӨ - Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер

КС - Кредиттік серіктестік

МҚҰ - Микроқаржы ұйымдары

ЕДБ - Екінші деңгейдегі банктер

ЛК - Лизингтік компаниялар

ӨИО - Өңірлік инвестициялық орталықтар

ІҚМ - Ірі қара мал

ҰҚМ - Ұсақ қара мал

ШҚ - Шаруа қожалығы

ӘКК - Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы

NPL - Non-performing loans (жұмыс істемейтін қарыздар деңгейі)

Акционерное общество «Аграрная кредитная корпорация»

Финансовая отчетность за 2020 год

ОТЧЁТ О ФИНАНСОВОМ ПОЛОЖЕНИИ

на 31 декабря 2020 года

(в тысячах тенге)

	Прим.	31 декабря 2020 года	31 декабря 2019 года
Активы			
Денежные средства и их эквиваленты	6	48.744.242	48.578.130
Средства в банках	7	14.941.678	45.063.483
Кредиты, предоставленные клиентам	8	449.226.953	361.783.687
Активы, предназначенные для продажи	8	3.409.307	1.880.310
Дебиторская задолженность по финансовой аренде	10	740.711	2.287.406
Инвестиционные ценные бумаги	9	27.569.113	604.896
Инвестиционная недвижимость	11	438.163	447.821
Основные средства	12	314.557	367.500
Нематериальные активы	13	245.064	254.653
Прочие активы	14	1.546.266	1.663.281
Итого активы		547.176.054	462.931.167
Обязательства			
Задолженность перед Акционером	15	164.128.030	155.214.588
Средства кредитных организаций	16	-	9.876.118
Выпущенные долговые ценные бумаги	17	164.197.490	86.340.978
Задолженность перед государственными и бюджетными организациями	18	44.770.133	36.435.103
Краткосрочные оценочные обязательства		447.545	373.023
Обязательства по текущему корпоративному подоходному налогу	20	49.345	135.976
Обязательства по отложенному корпоративному подоходному налогу	20	1.468.832	1.486.049
Прочие обязательства	19	5.050.086	4.231.587
Итого обязательства		380.111.461	294.093.422
Капитал			
Уставный капитал	21	167.809.534	167.809.534
Дополнительный оплаченный капитал	21	70.446.355	58.624.854
Резервный капитал	21	5.339.751	5.339.751
Резерв по условному распределению	21	(84.687.953)	(67.467.287)
Нераспределённая прибыль / (накопленный убыток)		8.156.906	4.530.893
Итого капитал		167.064.593	168.837.745
Итого обязательства и капитала		547.176.054	462.931.167
Балансовая стоимость одной простой акции (в тенге)	21	992,24	1.002,72

Подписано и утверждено к выпуску от имени Правления Общества:

Култаев Баглан Кулибаев



Председатель Правления

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Главный бухгалтер

25 февраля 2021 года

Прилагаемые примечания на страницах с 7 по 63 являются неотъемлемой частью настоящей финансовой отчетности.

Акционерное общество «Аграрная кредитная корпорация»

Финансовая отчетность за 2020 год

ОТЧЁТ О ДВИЖЕНИИ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ

за год, закончившийся по 31 декабря 2020 года

(в тысячах тенге)

	Прим.	2020 год	2019 год
Движение денежных средств от операционной деятельности			
Проценты полученные		35.106.929	32.257.118
Проценты выплаченные		(15.005.193)	(11.373.040)
Расходы на персонал, выплаченные		(2.604.373)	(2.443.471)
Прочие операционные расходы, выплаченные		(1.738.231)	(2.026.829)
Денежные потоки от операционной деятельности до изменений в операционных активах и обязательствах		15.759.132	16.413.778
<i>Чистое (увеличение)/уменьшение операционных активов</i>			
Средства в банках		31.290.430	(10.026.355)
Кредиты, предоставленные клиентам		(92.486.705)	(111.503.497)
Прочие активы		762.552	405.405
<i>Чистое увеличение/(уменьшение) операционных обязательств</i>			
Прочие обязательства		2.334.558	1.644.965
Чистое использование денежных средств в операционной деятельности до корпоративного подоходного налога		(42.340.033)	(103.065.704)
Уплаченный корпоративный подоходный налог		(3.716.566)	(2.005.681)
Чистое использование денежных средств в операционной деятельности		(46.056.599)	(105.071.385)
Движение денежных средств от инвестиционной деятельности			
Поступления от погашения инвестиционных ценных бумаг		257.229.023	404.712.426
Приобретение инвестиционных ценных бумаг		(284.043.533)	(404.678.244)
Приобретение основных средств		(95.521)	(42.187)
Приобретение нематериальных активов		(22.585)	(105.763)
Чистое (расходование)/поступление денежных средств в инвестиционной деятельности		(26.932.616)	(113.768)
Движение денежных средств от финансовой деятельности			
Поступления от привлечения займов от Правительства Республики Казахстан	26	70.000.000	60.000.000
Погашение займов от Правительства Республики Казахстан	26	(70.000.000)	(60.000.000)
Поступления от привлечения займов от кредитных организаций	26	-	9.800.000
Погашение займов от кредитных организаций	26	(9.800.000)	(9.477.051)
Поступления от привлечения займов от Акционера	26	33.523.182	69.601.108
Погашение займов от Акционера	26	(20.533.889)	(23.348.012)
Выпущенные долговые ценные бумаги	26	76.206.439	28.729.231
Поступление от привлечения займов от государственных и бюджетных организаций	26	12.856.780	17.867.780
Погашение заемных средств от государственных и бюджетных организаций	26	(3.066.250)	(365.127)
Поступление средств от АО «КазАгроПродукт»	5	-	437.983
Выплата дивидендов	21	(16.034.036)	(10.375.617)
Чистое поступление денежных средств от финансовой деятельности		73.152.226	82.870.295
Влияние изменений ожидаемых кредитных убытков на денежные средства и эквиваленты		3.101	3.131
Чистое изменение денежных средств и их эквиваленты		166.112	(22.311.727)
Денежные средства и их эквиваленты, на начало периода		48.578.130	70.889.857
Денежные средства и их эквиваленты, на конец периода	6	48.744.242	48.578.130
Неденежные операции			
Передача актива по КПН в рамках присоединения АО «КазАгроПродукт»	5	-	75.398

Подписано и утверждено к выпуску от имени Правления Общества:

Култаев Баглан Кулибаев



Председатель Правления

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Главный бухгалтер

25 февраля 2021 года

Прилагаемые примечания на страницах с 7 по 63 являются неотъемлемой частью настоящей финансовой отчетности.

ОТЧЁТ О ПРИБЫЛИ ИЛИ УБЫТКЕ

за год, закончившийся 31 декабря 2020 года

(в тысячах тенге)

	Прим.	2020 год	2019 год
Процентные доходы, рассчитанные с использованием эффективной процентной ставки			
Денежные средства и их эквиваленты		3.790.549	4.323.045
Средства в банках		4.074.947	5.529.233
Кредиты, предоставленные клиентам		53.691.035	41.966.531
Инвестиционные ценные бумаги		1.942.584	3.099.505
		63.499.115	54.918.314
Прочие процентные доходы			
Дебиторская задолженность по финансовой аренде		87.422	42.844
		63.586.537	54.961.158
Процентные расходы			
Задолженность перед Акционером		(12.597.806)	(11.632.992)
Средства кредитных организаций		(59.203)	(902.375)
Выпущенные долговые ценные бумаги		(10.596.697)	(5.317.449)
Задолженность перед государственными и бюджетными организациями		(3.588.080)	(2.546.677)
Задолженность перед Правительством Республики Казахстан		(5.678)	(5.467)
Прочие обязательства		(40.192)	(114.313)
		(26.887.656)	(20.519.273)
Чистый процентный доход		36.698.881	34.441.885
Расходы по кредитным убыткам	22	(4.115.936)	(7.966.793)
Чистый процентный доход, за вычетом расходов по кредитным убыткам		32.582.945	26.475.092
Чистый доход/(убыток) по операциям в иностранной валюте		(710)	49
Прочие доходы		184.300	218.832
Расходы на персонал	23	(3.594.708)	(3.328.928)
Прочие операционные расходы	23	(2.180.486)	(2.100.061)
Чистые убытки в результате модификации финансовых активов, оцениваемых по амортизированной стоимости	8	(2.430.216)	(303.107)
Чистые убытки в результате прекращения признания финансовых обязательств, оцениваемых по амортизированной стоимости		-	(663.174)
Прочие расходы		(540.036)	(198.385)
Непроцентные расходы		(8.561.856)	(6.374.774)
Прибыль до расходов по корпоративному подоходному налогу		24.021.089	20.100.318
Расходы по корпоративному подоходному налогу	20	(4.361.040)	(4.066.282)
Прибыль за год		19.660.049	16.034.036
Базовая и разводненная прибыль на простую акцию (в тенге)	21	116,94	100,63

Подписано и утверждено к выпуску от имени Правления Общества:

Култаев Баглан Кулибаевич

Председатель Правления

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Главный бухгалтер

25 февраля 2021 года

Прилагаемые примечания на страницах с 7 по 63 являются неотъемлемой частью настоящей финансовой отчетности.

ОТЧЁТ О СОВОКУПНОМ ДОХОДЕ

за год, закончившийся 31 декабря 2020 года

(в тысячах тенге)

	Прим.	2020 год	2019 год
Прибыль за год		19.660.049	16.034.036
Прочий совокупный доход за год		-	-
Итого совокупный доход за год		19.660.049	16.034.036

Подписано и утверждено к выпуску от имени Правления Общества:

Култаев Баглан Кулибаевич

Председатель Правления

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Главный бухгалтер

25 февраля 2021 года

Прилагаемые примечания на страницах с 7 по 63 являются неотъемлемой частью настоящей финансовой отчетности.